Қолданатын көрнекіліктер: Әр түрлі бояулар, ыдыс жуатын фейри, пипетка, сүлгі, мақта таяқшалары, сүт, тарелка.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Әрекетті туындату, түрткі болу	Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады.	Қуан шаттан алақай, Қуанатын күн бүгін Қайырлы таң, қайырлы күн Күліп шықты күн бүгін.
Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу	Тәрбиеші балаларға сурет арқылы кемпіркосақ туралы түсінік береді. -Кемпіркосақта неше түс бар? Ендеше біз осы кемпіркосақты өзіміз жасап көрейік. Тәрбиеші балаларды тәжірибе жасауға шақырады. Тарелкаға сүтті құйып қоямыз, пипетканы бояуға малып, тарелкадағы сүттің ортасына тамызамыз. Мақта таяқшасын қолымызға алып, ыдыс жуатын фериге маламыз, одан кейін бояудың үстіне басып ұстап тұрамыз. Сонда бояулар жан –жаққа қашып кемпіркосақ бейнеленеді. Сергіту сәті: Қояным тұршы Беті-қолың жушы	Тәрбиешіні балалар мұқият тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. Тәрбиешімен бірге балалар қызыға іс-тәжірибені орындайды. Сергіту сәтін қимыл қозғалыспен жасайды.

	Айнаға қарашы Шашыңды тарашы.	
Рефлексия – түзету жұмыстары	Қортынды бөлім: -Тәрбиеші сұрақ қоя отырып сабақты қортындылайды. Сабаққа жақсы қатысқан балаларды мақтап мадақтайды.	-Балалар сұрақтарға толық жауап берді. Балалар риза болады.

Күтілген нәтиже:

Біледі: Кемпірқосақ туралы біледі.

Түсінігі бар: Кемпірқосақ жайлы түсінігі бар.

Орындай алады: Тәжірибені орындай алады.

Мерзімі:15.04.2021ж

«Біз зерттеушіміз» вариативтік компонентінің іс әрекеті

Тақырыбы: «Сыйқырлы су»

Мақсаты: Балаларға су туралы мағлұмат бере отырып, судың қызықты ерекшеліктерін түсіндіру. Қызықтыра отырып, ойлау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Қолданатын көрнекіліктер: Стакан, жүзім, тас.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Әрекетті туындату, түрткі болу	Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады.	Шуағын шашатын алтын күн, Қуантып бізді ерекше. Амансың ба, алтын күн! Амансың ба жарқын күн!
Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу	Балалар бізге көрші «Жұлдыз» тобынан хат келді. Хатта сендерге бір тәжірибені жасап көрулеріңді сұрапты. Сендер тәжірибе жасағанды ұнатасыңдар ма? Ендеше балалар мына тәжірибені жасап көрейік. -Балалар бір стакан газдалған суға, мына жүзімнің бір домалағын салайық. Балалар ол не істеді? Иә,түбіне батып кетті. Сергіту сәті: Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды. Ойлы қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына Қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің.	-Балалар хаттың келгеніне қуанады. -Иә,бізге тәжірибе жасаған ұнайды. -Тәрбиешіні балалар мұқият тыңдап, тәжірибені қызыға бірге жасайды. -Түбіне батып кетті. - Сергіту сәтін қимыл қозғалыспен жасайды.

	-Балалар қараңдаршы жаңағы батып кеткен жүзімнің жанына газдалған судың бөліктері жиналып, ол қайтадан стаканның бетіне шықты. Тасты суға салып көрейік, тас суға батып кетті ме? -Неге тас суға батып кеті?	-Балалар қызыға қарайды. -Иә, суға батып кетті. -Ол ауыр
Рефлексия – түзету жұмыстары	Қортынды бөлім: -Балалар бізге қай топтан хат келді? -Ол хатта не жазылған екен? -Біз тәжірибені жасай алдық па? -Тәрбиеші балаларды мақтап мадақтайды.	-Жұлдыз тобынан хат келді. -Тәжірибе жасап көруімізді сұраған екен. -Жасай алдық. -Балалар тәрбиешінің мақтауына риза болады.

Күтілген нәтиже:

Біледі: Тастың суға бататыны жайлы біледі.

Түсінігі бар: Су туралы түсінігі бар.

Орындай алады: Тәжірибені орындай алады.

Мерзімі: 22.04.2021 ж

«Біз зерттеушіміз» вариативтік компонентінің іс әрекеті

Тақырыбы: «Су мен зат арасындағы байланыс»

Мақсаты: Бұл кең таралған тәжірибенің арқасында балалар күнделікті өмірде өзін қоршаған заттар туралы мәлімет алады. Бұл көке мәлім тәжірибе 4-5 жастағы балаларға арналған.

Қолданатын көрнекіліктер: Төрт стакан жылы су, қант, тұз, гречка, май.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Әрекетті туындату, түрткі болу	Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады.	Қуан шаттан алақай, Қуанатын күн бүгін Қайырлы таң, қайырлы күн Күліп шықты күн бүгін.
Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу	Су адам тіршілігіне күнделікті өмірде қажетті зат болып табылады. «Судың да сұрауы бар»- демекші біз бүгінгі тәжірибеде судың әр түрлі заттармен байланысын анықтаймыз. Барысы: Тәрбиеші балаларға төрт стаканды да жылы сумен толтырып, содан кейін әр бір стаканға бір қасық осы алдымызда тұрған заттардан салатынын айтады. Әр салған заттан кейін стакандағы суды мұқият араластырады. Сергіту сәті: Бала, бала балақан Қане қайсы алақан Саусақтарың әйбәт Былай-былай ойнат. Тәрбиеші көрсетіп тұрып бірінші және екінші стаканға салынған тұз бен қанттың сумен әрекеттесіп еріп кеткенін	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешімен бірге іс-тәжірибені қызыға орындайды. Сергіту сәтін қимыл қозғалыспен жасап сергіп

	айтады. Ал үшінші стаканға салған гречкамыз сумен әрекеттескенде ауыр болғандықтан, ол стакан түбіне түсіп кетеді екен, өйткені ол ерімейді. Төртінші стаканға құйған май сумен әрекеттескенде су бетіне қалқып шығады, өйткені май суда ерімейді. Балалар бүгінгі жасаған тәжірибемізде біз судың әр түрлі заттармен әр түрлі байланыста болатына көз жеткіздік.	алады. Балалар заттардың сумен әрекеттескенін бақылап, сұрақтарға жауап береді.
Рефлексия – түзету жұмыстары	Қортынды бөлім: -Тәрбиеші сұрақ қоя отырып сабақты қортындылайды.Сабаққа жақсы қатысқан балаларды мақтап мадақтайды.	-Балалар сұрақтарға толық жауап берді. Балалар риза болады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Су мен зат арасындағы байланыс туралы біледі.

Түсінігі бар: Су мен зат арасындағы байланыс туралы түсінігі бар.

Орындай алады: Тәжірибені орындай алады.

Мерзімі: 29.04.2021ж

«Біз зерттеушіміз» вариативтік компонентінің іс әрекеті

Тақырыбы: «Су-сұйық, сондықтан ағады»

Мақсаты: Тәжірибе арқылы судың қасиетімен таныстыру. Бірлесіп жұмысжасауда өзара сыйластыққа, түсіністікке тәрбиелеу.

Қолданатын көрнекіліктер: Екі ыдыс, су.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Әрекетті туындату, түрткі болу	Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады.	Қуан шаттан алақай, Қуанатын күн бүгін Қайырлы таң Қайырлы күн Күліп шықты күн бүгін.
Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу	Тәрбиеші қонаққа Қоянның келгенін айтады. -Балалар Қоян бізден көмек сұрай келіпті. Қоянға көмектесеміз бе? Қоян сусұйық па, қою ма соны білгісі келеді екен. Ендеше біз қоянға көмектесу үшін мына тәжірибені қоянмен бірігіп жасап көрейік. -Тәрбиеші балаларға стакандағы суды екінші стаканға төкпей шашпайқұюды ұсынады. -Балалар су ағады ма? Неліктен? Иә, балалар егер су сұйық болмаса, онда ол өзендерден, арықтардан, крандардан аға алмас еді. -Балалар бір ыдыстан екінші ыдысқа құйылса онда оны сұйық дейміз. Егер ыдыстан ыдысқа құя алмасақ онда ол	-Балалар қуана қарсы алады. -Көмектесеміз. Балалар қуана келіседі. -Тәрбиешімен бірге балалар қызыға іс-тәжірибені орындайды. Өйткені ол сұйық. -Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беріп отырады.

	қою, құйылмайды. Сергіту сәті: Ал балалар тұрайық, мойнымызды бұрайық. Қолымызды созайық, су ішінде қалықтап. Қане, жүзіп алайық, оңға, солға бір қарап, денемізді бұрайық. -Балалар су сұйық зат ,сондықтан ол еркін құйылады.	Сергіту сәтін қимыл қозғалыспен жасайды.
Рефлексия – түзету жұмыстары	Қортынды бөлім: -Балалар бізге қонаққа кім келді? -Біз қоянға көмектесе алдық па? -Балалар су қандай зат екен? -Қоян балаларға риза болып, рахметін айтып қоштасады. -Тәрбиеші балаларды мақтап мадақтайды..	-Балалар сұрақтарға толық жауап берді. -Балалар қоянмен қоштасады. -Балалар тәрбиешінің мақтауына риза болады.

Күтілген нәтиже:

Біледі: Судың ағатынын біледі.

Түсінігі бар: Судың сұйықтығы жайлы түсінігі бар.

Орындай алады: Тәжірибені орындай алады.

Мерзімі:06.05.2021ж

«Біз зерттеушіміз» вариативтік компонентінің іс әрекеті

Тақырыбы: «Суда кейбір заттар ериді, кейбір заттар ерімейді»

Мақсаты: Судың қасиеттерімен ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту. Әртүрлі тәжірибе жасауға қызығушылығын арттыру. Суды үнемді пайдалануғатәрбиелеу.

Қолданатын көрнекіліктер: Стакан, су, құм, қасық, субояқ, қант.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Әрекетті туындату, түрткі болу	Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады.	Қуан шаттан алақай, Қуанатын күн бүгін Қайырлы таң Қайырлы күн Күліп шықты күн бүгін.
Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу	Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Жылт-жылт етеді, Жылғадаң өтеді. Аспанға да ұшады, Жылғадаң да өтеді. (Су) -Балалар барлық заттар суда ериді ма, ерімейді ма?.Сендер білесіңдер ме? Мысалы: құм ери ма? т.б. Дұрыс айтасындар балалар барлық заттар суда ери бермейді екен. Ендешебалалар бәріміз бірігіп бір тәжірибе жасап көрейік. Суы бар екі стакан алып, біреуіне құм салып араластырып көреді. Не болғанын байқайды. Құм еріді ме, жоқ па? Келесі стаканға қантты салып, оны да араластыру керек. Не	-Балалар жұмбақты қызыға шешеді. -Барлық заттар суда ери бермейді. -Құм суда ерімейді. -Балалар қуана келіседі. -Құм ерімейді.

	өзгерді? -Балалар субояқты әрқайсымыз өзіміздің алдымызда тұрған ыдысқа араластырайықшы. Неліктен су әр түрлі болып шықты? Иә балалар, дұрыс айтасындар бояу суда еріп, әр түрлі сулар жиынтығын шығарды. Сергіту сәті: Ал балалар тұрайық, мойнымызды бұрайық. Қолымызды созайық, су ішінде қалықтап. Қане, жүзіп алайық, оңға, солға бір қарап, денемізді бұрайық.	.-Тәрбиешімен бірге балалар қызыға іс-тәжірибені орындайды. -Қант еріп кетті. -Балалар араластырады. -Өйткені бояу суда ереді. Сергіту сәтін қимыл қозғалыспен жасайды.
Рефлексия – түзету жұмыстары	Қортынды бөлім: -Балалар суда барлық заттар ери ма? -Бүгінгі жасаған тәжірибеміз сендерге ұнады ма? -Тәрбиеші балаларды мақтап мадақтайды..	-Барлық заттар суда ери бермейді. -Бізге бүгінгі жасаған тәжірбе ұнады.. -Балалар тәрбиешінің мақтауына риза болады.

Күтілген нәтиже:

Біледі: Суда кейбір заттардың еритінін біледі.

Түсінігі бар: Еритін, ерімейтін заттар туралы түсінігі бар.

Орындай алады: Тәжірибені орындай алады.

Мерзімі: 13.05.2021ж

«Біз зерттеушіміз» вариативтік компонентінің іс әрекеті

Тақыр ыбы: «Жылы және суық түстер»

Мақсаты: Балаларға жылы және суық түстер туралы мағлұмат беру.

Қызығушылығын, ойлау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Қолданатын көрнекіліктер: Стакан, су, бояу, тас.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Әрекетті туындату, түрткі болу	Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады.	Шуағын шашатын алтын күн, Қуанып бізді ерекше. Амансың ба, алтын күн! Амансың ба жарқын күн!
Ұйымдастыру, ізденіс жүргізу	Балалар бүгін бізге қонаққа суретші ағай келіпті. Суретші ағайдың қолында әр түрлі бояулар бар екен. Бірақ ол түстерді ажырата алмайды екен. Біз суретші ағайға түстерді ажыратуға көмектесеміз бе? —Балалар бояудың түстері екіге бөлінеді екен: жылы түстер және суық түстер болып. Тәрбиеші түстерді айтқызады. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Биік болып өседі. -Балалар енді бір тәжірибе арқылы суретші ағайға жылы түстермен суық түстерді ажыратуына көмектесейік. Екі стакан алып, оған су құямыз. Екеуіне екі түрлі яғни	-Балалар қонаққа суретші ағайдың келгеніне қуанады. -. -Көмектесеміз. Тәрбиешіні мұқият тыңдап, түстерді атайды. Сергіту сәтін қимыл қозғалыспен жасайды.

	біреуіне жылы түс екіншісіне суық түсте бояу еземіз де ішіне тас саламыз. Балалар қараңдаршы суық түстегі тас көріне ме, әлде жылы түстегі тас көрінеді ме? Иә, балалар жылы түстерден тас көрінеді, ал суық түстерден тас көрінбейді.	-Балалар қуана келіседі. Тәжірибені қызыға жасайды. -Жылы түстен тас көрінеді, ал суық түстен көрінбейді.
Рефлексия – түзету жұмыстары	Қортынды бөлім: -Балалар бізге қонаққа кім келді? -Суретші ағайға қандай көмек сұрай келіпті? -Біз көмектесе алдық па? -Тәрбиеші балаларды мақтап мадақтайды.	-Суретші ағай келді. -Түстерді ажыратуға көмектесуімізді сұрапты. -Иә, көмектесе алдық.. -Балалар тәрбиешінің мақтауына риза болады.

Күтілген нәтиже:

Біледі: Жылы түстерден зат көрінетінін біледі.

Түсінігі бар: Жылы және суық түстер туралы түсінігі бар.

Орындай алады: Тәжірибен орындай алады.

Мерзімі:27.05.2021ж

«Біз зерттеушіміз» вариативтік компонентінің іс әрекеті

Тақырыбы:«Әжемнің алашасы »

Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық қол өнерінің бірі -алашамен таныстыру. Геометриялық пішіндерді ажыратуға,ұсақ қол моторикасын дамыту.

Қолданатын көрнекіліктер: Құм салатын жәшік, түрлі –түсті қағазданқиылған төртбұрыштар, Әже қонақ

Әрекеттің кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялы-ынталандыру кезең	Ұйымдастыру кезеңі: Балалар,сендермен кездескеніме өте қуаныштымын. • Балалар бір дыбыс естілетін сияқты біге біреу қонаққа келген болар байқап көрейікші. Әже келеді. • -Сәлеметсіңдер ме балалар! • Балалар мен сонау алыс ауылдан келдім, мен сендерге өзімнің алашамды ала келдім.	Балалар шеңберге тұрады. Назарларын тәрбиешіге аударады. • Сәлеметсізбе! Балалар әженің алып келген алашасына назар аударады.
Ұйымдастыру-ізденгіш кезең	Әже балаларға қазақтың ұлттық қол өнерінің бірі-алаша туралы әңгімелейді. Алаша-әр түрлі жүннен,немесе түрлі түске боялған маталардан жүннен тоқылған төсеніш. Балалар қазір енді біз сендермен құм қалашығына саяхатқа барамыз, ол үшін көзімізді жұмып сиқырлы сөздерді айту керек. Алақанды ашайық, Сиқырын біз табайық. Әдемі суреттерді біз, Сиқырлап өрнек салайық. Балалар ал енді құмнан	Әжені толық тыңдайды. Балалар көздерін жұмады сиқырлы сөздерді қайталайды. Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. -Төртбұрыштар.

	әжеміздің алашасын жасап көрейік ол үшін бізге геометриялық пішіндер қажет. -Балалар мынау қандай пішіндер? Төртбұрыштардың түстері қандай? Сергіту жаттығуы: Алақанда ашамыз, Саусақтарды қосамыз Бір жұмып бір ашып Қолымызды демалтамыз. -Ендеше түрлі-түсті қағаздардан қиылған төртбұрыштарды құмзардың төрт жағын және ортасына орналастырамыз сыртынан саусақпен бастырып шығу керек,ал бос орындарға домалақтар сызамыз.	-Төртбұрыштың түстері әр түрлі .Олар сары,кызыл,көк жасыл түстер. Қимылмен бәрі бәрі бірдей қайталайды Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. . Балалардың өз еріктерімен жұмыстары.
Рефлексиялы түзету кезең	Қорытынды бөлім Сұрақ-жауап сәті: • Балалар біз бүгін біз немен таныстық? • Алашаны қандай пішіндерден жасадық? Балаларды мақтап, мадақтау	Балалар өз жұмыстарын талдайды. Сұрақтарға толық жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Балалар қазақтың қол өнерінің бірі –алаша туралы білу керек.

Болу керек:Алашаның жасалу жолы туралы түсініктері болу керек.

Істей білу керек: Геометриялық пішіндерден алаша құрастыра алуды білу керек.

балабақшасы ЖШС

Бекітемін:

«Бал-бөбек» бөбекжай

Менгеруші: Қаныбекова Р.Ш.

Вариативтік компонент «Ертегілер еліне саяхат»

Ересек топ «Нұршуақ»

2020-2021 оқу жылы

Мақсаты: Ертегіні түсіндіру барысында сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. Сұраққа жауап беру арқылы өз ойларын жеткізе білу. Жақсылыққа тәрбиелеу. Ертегіні сахналай білуге үйрету.

Айы	Тақырыптар	Сағат саны
Қыркүйек	1 «Құмырсқа мен Шегіртке» 2 «Жеті лақ пен қасқыр» ертегісі.3 «Бір қазан сүт» ертегісі 4 «Түлкі, Әтеш және Қоян» ертегісі	1 1 1 1
Қазан	1 «Не дәмді.» ертегісі 2. «Күлшеқыз» ертегісі3 «Көкөністер дауы» 4 «Асқабақ» ертегісі	1 1 1 1
Қараша	1 «Ағаштар ұйықтай ма?» ертегісі.2 «Күнбағыс» ертегісі. 3 «Үйшік» ертегісі. 4 «Аю мен түлкі» ертегісі	1 1 1 1
Желтоқсан	1 «Шалқан» ертегісі. 2 «Екінші қоян» ертегісі 3 «Көкөністер дауы» ертегісі4 «Маймақ қаз» ертегісі	1 1 1 1
Қаңтар	1 «Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды» ертегісі.2 «Үш аю» ертегісі 3 «Төлдер айтысы» ертегісі. 4. Қысқы баспана» ертегісі	1 1 1 1
Ақпан	1 «Ақымақ қасқыр» ертегісі. 2. «Төлдер айтысы» ертегісі13 «Қоянның үйшігі» ертегісі 4 «Қырыққабат пен алма» ертегісі	1 1 1 1
Наурыз	1 «Бір уыс мақта» 2 «Ең қымбат байлық» ертегісі 3 «Еңбекпен тапқан нан тәтті» ертегісі 4 «Қасқыр, түлкі, әтеш» ертегісі.	1 1 1 1
Сәуір	1 «Тату достар» ертегісі2 «Ай мен күн» ертегісі. 3 «Әтешпен тоты» ертегісі. 4 «Ешкі мен жеті лақ» ертегісі.	1 1 1 1
Мамыр	1 «Шалқан» ертегісі 2 «Екінші қоян» 3 «Ешкі мен жеті лақ» ертегісі. 4 «Шалқан» ертегісі	1 1 1 1
Барлығы		36

Күні 01.09.2020ж

Вариативтік компонент. «Ертегілер еліне саяхат»

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: Құмырсқа мен Шегіртке

Мақсаты: Балаларды жыл мезгіліндегі табиғат суреттерін суреттеуге үйрету, топта бірге, өзара келісе жұмыс жасай білуге тәрбиелеу, қимылмен іс-әрекетті көрсету қабілетін дамыту. Саусақ, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін дамыту.

Керекті құралдар көрнекіліктер: қағаз, плакат, бояу, қылқалам, қайшы, түрлі қаламдар
Сабак барасы: Қимылды қайтала жаттығуы. Тәрбиеші балаларға қарама-қарсы отырып көрсеткен қимылды қайталайды. Тәрбиеші саусақтарын кейде бүгіп, кейде түзу түрлі фигураларды жасайды.

Тәрбиеші біз саусақтарымызды жаттықтырдық, енді біз тыңдаған «Құмырсқа мен шегіртке» мысалын теартландыру үшін қажетті материалдар дайындайық.

Оқиға қай мезгілде болған еді? Жазда Шегіртке немен айналысты? Күзде қалай өмір сүреді? Қыс келгенде Шегіртке неге Құмырсқаға келді? Жаз, күз және қыс мезгілі. Ойнады, биледі, ән салды.

Қыста жаурады ашықты.

Олай болса үш мезгілдің бейнесін құрастырайық. Ол үшін сурет құрастыру және жапсырумен айналысуымыз қажет. Сондықтан үш топқа бөлініп өзара жұмысты бөліп алайық.

1 топ жаз суретін, 2 топ күз пейзаждық суретін, 3 топ қыс суретін салады. Балалар жаз, күз, қыс мезгілдерінің пейзажын дайындайды.

Сергектік ойын-жаттығу

Ұшады, Ұшпайды.

Тәрбиеші ұшатын затты атаса балалар қолын көтеріп ұшу қимылын көрсетеді, ұшпайтын затты атаса, қолдары төменде болады. Балалар құстар мен ұшатын заттар аталса қолдарын көтереді.

Ойын: «Не қалай дыбыстайды?»

Күн қалай күркіреді? Тарс-тарс Жаңбыр қалай жауады? Тырс-тырс

Су қалай ағады? Сылдыр-сылдыр Құстар қалай дыбыстайды? Шик-шиқ

Шегіртке қалай шырылдайды? Шыр-шыр

Балалардан немен айналысқаны, ненің ұнағанын сұрау. Мадақтау. Балалар жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: түрлі мазмұндағы қимыл әрекетті көрсетеді;

Күні:08.09.2020ж

Вариативтік компонент«Ертегілер еліне саяхат»

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: Жеті лақ пен Қасқыр.(ертегіні сахналау)

Мақсаты:Балаларды жұмсақ дыбыссыз жүруге аяқ ұшымен жүруге,бұлшық еттерін күшейтуге және бәсеңдетуді басқаруға үйрету.Есте сақтау қабілетін,қиялын дамыту.Театройындарын ойнауға қызығушылығын ояту.Қимыл-қозғалыс әсемдігін тәрбиелеу.

Қажетті материалдар:ешкі үйі,ешкі,қасқыр,лақтар,костюмдер,атрибуттар,декорация материалдары.

Сабақ барысы:Жылулық шеңбері:балалар бір-біріне күлімдеп қарап жақсы тілектер айтады.

Тәрбиеші:сендердің көңіл-күйлерің қалай?

Сендер қалай жүресіңдер?

Қалай жүгіресіңдер?Түнде қалай ұйықтайсыңдар?Суда қалай жүзесіңдер?Қалай өлең айтасыңдар? Алысқа қалай қарайсыңдар?Қалай күлесіңдер.

Балалар бас бармақтарын мынандай деп көрсетеді. Балалар бір орнында жүріп көрсетеді.Балалар жүгірген,ұйықтаған қимылды көрсетеді.Қолдарын кезек-кезек алға көтеріп сермейді.Қолдарын шекесіне қойып қарайды.Балалар күледі.

Тәрбиеші:өкінішке орай барлық уақытта осындай жақсы көңіл күй бола бермейді.Мен бір кейіпкер білемін, ол үнемі ашуланып жүреді.Ол үнемі аш болады. Қалай ойлайсыңдар,ол қай ертегі кейіпкері?Ол қасқыр.Ешкі мен жеті лақ ертегісіндегі қасқыр.Олай болса,ертегі еліне барып қасқырдың көңіл-күйін жақсартайық.Ол үшін Ешкі мен оның лақтарын шақырайық.Балалар кейіпкерлерді шақырады.Олар бізге көмектеседі.Ешкі мен лақтар болып ойнайтын балалар перде артына өтеді.Ешкі үйі үй алдында жіп иіріп отырады.Екі лақ бір бірімен сүзісіп ойнауда,үшеуі қаласпақ ойнап жүр.

Ешкі:жеті лақым бар сүйікті де сүйкімді,барлығын өте жақсы көремін.Күн күлімдеп тұрекен, ойнай қойыңдар осы кезде ашулы қасқыр жүгіріп шығады.

Қасқыр:Мынау не айқай-шу,секірген,жүгірген біреулер,басым ауырып кетті сендердің шуларыңнан,қазір мен сендерді тез тыныштандырамын.Лақтардың қасына келіп жұдырығын түйіп,қорқытқан қимыл көрсетеді.

Ешкі:қасқыр,сені басқалар жақсы көру үшін,туған күнің болғанда сені құттықтауы үшін ашуланшақ болма, басқаларды қорқытпа.Қасқыр:қалай ашланбайын,менімен ешкім ойнағысы келмейді.Бәрі менен қорқады.Лақтар:Қасқыр кел бізбен бірге ойынға.Қасқыр балалармен бірге ойынға қатысады.

Ойыннан соң қасқырдың тағы көңіл-күйі түседі.

Қасқыр:мен сендерге сөз беремін,енді ашуланшақ болмаймын.Енді бірге би билейік.Қасқыр Ешкі және лақтармен бірге көңілді би билейді.

Ешкі:Қасқыр неге тағы көңілсізсің?Менің әжем әні.Менің әжем үйде жалғыз отыр.Балалар онда әжеге арнап өлең айтып берейік.Қасқырдың әжесі келеді.Барлық балалар:бізге келіп тұрыңыз деп ертегі кейіпкерлерімен қоштасады.

Ертегі ұнады ма?Несімен ұнады? Тағы қандай ертегіні жақсы көресіңдер? Балалар жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:ертегі мазмұнын толық айтады;

Меңгереді:ертегі кейіпкерлері қимыл-қозғалыстарын көрсетуді

Күні :15.09.2020ж

Вариативтік компонент«Ертегілер еліне саяхат»

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Бір қазан сүт»

Мақсаты:Балардың құстар туралы түсінігін молайту,сөздік қорын байыту,диалогпен сөйлеуге үйретді жалғастыру,жұмсақ дыбыссыз жүруге үйрету.Есте сақтау қабілетін,зейінін дамыту.Керекті құралдар:сауысқан,қарға,жапалақ,көбелек,қырғауыл құстары атрибуттары.

Сабақ барысы:Шаттық шеңбері:

Көзің не үшін керек?Жақсыларды көру үшін! Екі

қолың не үшін керек?Елге көмек беру үшін!Құлақ не

үшін керек?Ақыл-кеңес тыңдау үшін!

Жүрек не үшін керек?Жаулардан қаймықпай үшін!Тіл

мен жағың не үшін керек?Ақиқаты айту үшін!

Бір қазан сүт өлеңін оқу.Бір қазан сүтті пісіріп,үй іргесіне қойып едік,енді қарасақ қаспағыда қалмапты.Төгіліп қалыппа?Біреу ішіп кеттіппе?Төгіліпте қалмаған ешкім

ішіпте кетпеген.Төгілмесе,ешкім ішпесе сүт қайда кетті?Сонымен сүт қайда кетіпті?Сүтті ішіп кетті...

Көбелеп келіп құмп етіп,

Көбігін ішіп ол кетті.

Жапалақ келіп жалп етіп,

Жарымен ішіп ол кетті. Қарға

келіп қарқ етіп, Қалғанын ішіп

ол кетті. Сауысқан келіп саң

етіп, Сырқып ішіп ол кетті.

Қырғауыл қиқу салып,

Қазан түбі қаспағын,

Қырнап ішіп ол кетті.

Сүт ішуге кімдер келді?Сүт ішуге кімдер келді?Балалар көбелек,жапалақ,қарға,сауысқан,қырғауыл.

Сергіту сәті:

Алтын айдарлы әтеш ояныпты,Тым

ерте тұрыпты.

Ойқастап жүріпті, Жан

жақа қарапты, Айдарын

тартыпты. Қо-қо-қо деп

қорада,

Ән салып жаңа да.Балалар қолды басқа қойып ұйықтайды,қолды жоғары көтеріп

созылады.Маңғаздана жан жағына қарайды,қолдарымен айдарын сипайды.Алақандарын

соғады.

Тіл ұстарту:Іс-іс-ісТүсіп

қалды тіс.

Піс,қазаным,піс.Балалар сөздерді қайталайды.

Ойын: «Кім екенімді таны».Тәрбиеші өзгерісті табушы баланы басқа бөлмеге

шығарып,балаларға басқа киімдер кигізеді.Балалар бір киімдерін ауыстырып тұрады,балақай

балада қандай өзгеріс болғанын табады.

Ойын:Ине мен жіп.Балалар бір қатар тұрып,бір-бірінен ұстап жүреді.

Сүтті біз қайдан аламыз?Әңгімеде қандай құстар аты аталды?Балалар жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:өлеңдердегі құстарды таниды;

Меңгереді:ойынға қатысып,үйлесімді қимыл орнайды

Күні 22.09.2020ж

Вариативтік компонент «Ертегілер еліне саяхат»

Ересек «Нұршуақ» тобы

Тақырыбы: Түлкі, Әтеш және Қоян (ертегісін сахналау)

Мақсаты: Театрланған қойлым арқылы балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балаларды көркемдікке тәрбиелеу, майда, ұсақ моторикасын дамыту.

Керекті құралдар: үйшіктер, қоян, түлкі, әтеш атрибуттары.

Сабақ барысы: Шаттық шеңбері: Қайырлы күн, досым!

Қайырлы күн болсын

Сәрсенбінің сәті

Сәттілікке толсын!

Біздің бала бақшамыз,

Қуанышқа толсын! Балалар шеңберге өлең мәтініне сәйкес қимылдар орындайды, өлеңді оқиды.

Балалар сендер жұмбақ шешуді жақсы көресіңдер ме? Онда мұқият тыңдайық: Ит сияқты пішіні,

Ұнатпайды кісіні. (қасқыр) Қалқиып

ұзын құлағы, Елеңдеп қорқып

тұрады. (қоян) Бұлаңдаған құйрығы,

Бір алдарлық қылығы. (түлкі)

Есік қағылып, әжей кіріп келеді. Балалармен амандасады. Балалардан әже ертегіні жақсы көресіңдер ме деп сұрайды. Әже қоржынында көптеген жануарлар бар екен айтып бір- бірлеп шығарып атап беруді ұсынады. Балалар қоян, түлкі, қасқыр, тышқанды атап береді. Әже қоржындағы ертегі кейіпкерлері туралы ертегіні айтып бергісі келеді.

Тәрбиеші: Олай болсатындайық, деп балаларды ертегі тыңдауға отырғызады. Ол

Әтеш, қоян, түлкі ертегісі. Балалар ертегімен таныс екендерін айтады. Әже балалардан осы ертегіні сахналап беруді өтінеді. Балалар ертегіні сахналайды.

Сегіту сәті: Тәрбиеші: Ертегілерде қай жануарлармен кездестік? - Балалар, сол ертегі кейіпкерлері бір-бірінен адасып қалыпты. Оларды бір-бірін табуға көмектесейік. Балалар қиындықтардан Қасқыр, Әтеш, Қоян, Аю және Түлкіні тауып құрастырады. Оларды арнайы дайындаған ертегі еліне еорсететін алаңқайға орналастырады.

Жұптасып өлең оқу: Балабақша ойнатты,

Ойнаты да ойлатты.

Ана тілі сырына,

Тереңірек бойлатты. Қолды белге қою, екі жаққа теңселу, артқа шегіну, иіліп қолды жерге жеткізу.

Жануарлар туралы ертегілерді еске түсіру. Балалар жауабын тыңдау.

Күтілетін нәтиже: Біледі: ертегі мазмұнын баяндауды;

Меңгереді: мәнерлеп оқиды, ойынға қатысып, үйлесімді қимыл орнайды;

Күні 06.10.2020ж

Вариативтік компонент. «Ертегілер еліне саяхат»

Ересек «Нұршуақ» тобы

Тақырыбы: «Не дәмді?» ертегісі

Мақсаты:Балалар тілін дамытуда көркемсөзді қолдану, диалогпен сөйлесе білу біліктерін жетілдіру. Сөйлемді есте сақтай отырып дауыс ырғағын көрсете айтуға дағдыландыру, сөздік қорын байыту. Жануарлар өмірі туралы түсініктерін ұлғайту.

Қойлымдарға керекті көрнекіліктер: жануарлар бейнесіндегі атрибуттар.

Сабақ барысы: Ойын: «Мен бастаймын, сен аяқта»

Алма...өседі.

Қызанақ...өседі.

Қауын...өседі.

Картоп ... өседі. Балалар: Бауда ағаш басында. Бақшада арық бойымен. Бақшада атыздарда. Жер астында өнім.

«Сипап сезіп атап бер»-дидактикалық ойын. Балалар дәндерді ажыратуы тиіс. Бірнеше қалташаға лобия, ноқат, жүгері, тары салынады.

Балаларға «Не дәмді» ертегісін еске түсіріп оқып беру: Балалармен жануарлар сөздерін диалогқа еніп қайталау.

Бір күні жануарлар не дәмді деп таласып қалыпты. Сөзді ала сиыр бастапты:

-Шіркін, пішен мен таза жемге не жетсін! Содан дәмді бірде-бір тағам жоқ.

Сонда қой маңырап жіберді:

-Иә, пішен жем жақсы-ақ, бірақ көк майса шөп болса, одан да жақсы.

-Арпа, сұлы дәмді емес пе, -дейді жылқы. Күтір-күтір шайнасаң аузыңнан дәмі кетер ме?

-Жоқ, сендер таба алмадыңдар. Сүт пен еттен дәмді ештеңе жоқ, -дейді мысық. Бұған иттің ызасы келіп:

-Сен босқа көкіме! -дейді. Ненің дімді екенін менен сұра. Сүйек дегенді білетін бе едің, кемік сүйектен дімді ештеңе жоқ.

Осы әңгімеге түйе қосылса, ол нені мақтар еді? Түйе жантақты мақтар еді.

Балалар сонымен қай жануар нені жақсы көреді екен? Сендер нені жақсы көресіңдер?

Балалар жауабы.

Ойын: «Жануарларды жекеше, көпше айту». Балалар: Сиыр-сиырлар, қой-қойлар, мысық-мысықтар, жылқы-жылқылар...

Тіл ұстарту жаттығуы: ән-ән-ән

Қамба толы дән

Әжем айтқан ән

Құрып жүргің сән. Балалар қайталайды. Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегідегі жануарлар қорегін, жануарлардың жекеше, көпше айтады;

Игереді: жануарлар қимыл әрекетін сөзбен үйлестіре отырып көрсетеді;

Меңгереді: ойынға қатысып, үйлесімді қимыл орындайды

Күні 13.10.2020ж

Вариативтік компонент«Ертегілер еліне саяхат»

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: Күлшеқыз ертегісі

Мақсаты:Балаларды ертегі

кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің жақсы-жаман жақтарының айырмашылықтарын білуге тәрбиелеу.Ертегі кейіпкерлерін рөлге еніп сомдауға,дауыстарының айырмашылықтарын мезініп түсінуге үйрету.Ертегі кейіпкерлерін сомдау арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.Керекті құралдар:ақ мата тартылған ширма тақта,ертегі кейіпкерлері костюмдері.Сабақ барысы:Тәрбиеші ортада жатқан құмыраны көреді,балалардан ол құмыраның қайдан келгенін сұрайды.Балалар білмейміз дейді.Тәрбиеші құмыраны шаң болып кетті деп сұртте бегенде,құмыранын ішінен Жын шығады.-Өміріңізге құлдық,мені мына қапастан шығарғаныңыз үшін сіздің тілегіңізді орындаймын.Тәрбиеші балалардан сұрайды:- Балалар Жыннан қандай тілек тілейміз?Сендердің қандай арман тілектерің бар?Балалар таң қалады.Күлше қыз ертегісіне саяхатқа барғысы келетіндерін айтады.-Бізбалалармен Күлшеқыз ертегісіне саяхатқа барғымыз келеді.Олай болса бізді ертегілер еліне жеткіз.Балалардың алдынан Күлшеқыз шығады.-Саламатсыңдарма?Балалар,сендер қайдан жүрсіңдер.Саламатсыңба?Күлшеқыз.Біз басқа елден Күлшеқыз ертегісіне саяхатқакелдік.- Күлшеқыз сен қайда асығып барасың?-Балалар менің сендермен ойнауға уақытымжоқ,мені анам шақырып жатыр ол мені іздеп ашуланып отырған сияқты.(сол кезде Күлшеқыздың анасының даусы шығады)-Күлшеқыз сен қайдасың,сен неге әле тамақ дайындамағасын?Мына қасыңдағы қандай балалар?Күлшеқыз:анашым бұл балалар басқа енлден Күлшеқыз ертегісіне саяхатқа келіпті.Балалар Күлшеқыздың анасымен амандасыпалады.Анасы:Балалар Күлшеқыздың сендермен ойнауға уақыты жоқ.Ол тамақ дайындауыкерек.Өздеріңнің елдеріңе қайтыңдар.Балалар:жарайды сау бол Күлшеқыз.(осы кезде- Күлшеқыздың өгей әпкелері кіріп келеді)-Апа қарным ашты.Тамақ жегіміз келеді.(сол кезде Күлшеқыздың анасына хан сарайынан қоңырау шалынады)-Алло саламатсызба? Бүгінгі хан сарайында өтетін кешке қатысуға шақырамыз.Кешке келген қонақтардың ішінен ханзада өзіне қалыңдық таңдайды.Анасы:Күлшеқыз менің қыздарыма тез әдемі көйлектерін дайында.Қыздары Күлшеқыздың әкелген көйлектерін киеді.Анасы:доғарыңдар қазір кешігіп қаламыз.Күлшеқыз:Анашым,менде сол кешке барсам болама?Анасы:Жоқ,оданда сен үй шаруасын орында.Күлшеқыз жылап қалып кетеді.(осы жерден көлеңке театры басталады). Залда әдемі әуен орындалады. Жылап отырған Күлшеқыздың алдына Періште келеді. Періште Күлшеқызға кешке кейіп баратынәдемі көйлек береді.Күлшеқыз сондада мұңайып тұрғанын көрген періште оған лайықты әдемі аяқкиім береді.Періште Күлшеқызға сағат 12-де сикыр өз күшін жоятынын айтады.Күлшеқыз кешке қатысып,ханзадамен би билейді.Сағаттың түнгі12-ге жақындап қалғанын көрген Күлшеқыз үйіне жетуге асығады,асығып жүріп аяқкиімін түсіріп алады.Ханзада Күлшеқыздың аяқкиімін тауып алады.Ол Күлшеқызды іздеп таппаған соң аяқ киім тура келген қызға үйленемін,-деп шешеді.Аяқ киімді көп қызға кигізіп көреді,бірақ ешқайсы қызға тура келмейді,ханзада мұңайып тұрғанда, үстінде жаман киіммен Күлшеқыз кіріп келеді. Ханзада Күлшеқызды бірден танып,оған аяқ киімді кигізедКүтілетін нәтиже:Біледі:Күлшеқыз ертегісінің мазмұнын;Меңгереді:Күлшеқызертегісінің заманауи сомдауы;

Күні 13.10.2020ж

Вариативтік компонент

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Көкөністер дауы»

Мақсаты: Оқиганы эмоционалды қабылдауды, балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін сөздермен байыту. Балаларды ертегіні тыңдай білуге , көкөністер жеміс туралы жалпы түсінік білдіретін сөздерді енгізу.

Көрнекілігі: Көкөністер атрибуты,суреттер.Жаңа сөздер: Қияр.

Әдіс-тәсілі: Ертегіні оқып беру,түсіндіру.

Билингвалдық компонент: Қияр-огурцы.

Сабақтың барысы: Балалар қазір жылдың қай мезгілі?Күз мезгілі.

Күз мезгілінде қандай жемістер піседі?

Алма,алмұрт,жүзім.

Қандай көкөністер піседі?

Сәбіз,картоп,пияз,орамжапырақ т.б

-Дұрыс балалар күз мезгілінде барлық көкөністер піседі.

Бүгін мен сендерге «Көкөністер дауы» ертегіні саусақ театры арқылы айтып беремін.Балалар сендерге ертегі ұнадыма?

Ия.

-Ертегі не туралы айтылған?

Көкөністер туралы.

-Еркеназ саған қандай көкөніс ұнады?

Қызанақ.

-Не үшін?Өйткені қызанақ өте әдемі.

-Балалар бүгін біз қияр туралы тақпақ жаттаймыз.Дәмі тілді үйірген ,

Мен тұздалған күйімде.Жаңа

піскен кезімде, Жейді бәрі

сүйсіне.

Дидактикалық ойын «Дәміне қарай ажырат»

Қорытынды: Балалар көкөністердің адам ағзасына пайдасы туралы біледі.Көкөністерге қандай күтім жасау керектігін түсініп орындайды.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Асқабақ дәні» ертегі

Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіндіру, өз ойы бойынша әңгімелесуге үйрету. Сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту. Көкөністер мен жемістер туралы түсінігін кеңейту.

Көрнекілігі: асқабақ суреті, муляждар.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап. Жаңа сөздер: ахбаз.

Билингвалдық компонент: асқабақ-тыква.

Сабақтың барысы: Балалар сендер қандай ертегі білесіңдер? Аю мен түлкі, шалқан, қоянның үйшігі, жеті лақ т.б

Балалар шалқан ертегісі сендерге несімен ұнайды?

Шалқанды барлығы тартып шығарады.

Балалар сендерге «Асқабақ дәні» ертегісін айтып беремін.

Сендер ертегіні мұқият тыңдаңдар.

Ертегі не туралы айтылған? Дән

туралы айтылған.

Әйел балапанға қандай қамқорлық жасайды?

Балапанның аяғын байлайды.

Қарлығаш әйелге не береді?

Дән.

Ненің дәнін береді?

Асқабақтың дәнін береді.

Әйел оны егіп, ішін кесіп қараса не шығады ішінен?

Алтын.

Балалар жарайсыңдар сұраққа жақсы жауап беріңдер.

Бәріміз бірге «Аю мен аралар» ойынын ойнаймыз.

Балалар ойынды қызығып ойнайды.

Қорытынды: Балалар қамқорлық жасау ұғымдарын біледі. Көкөністердің адам ағзасына пайдасын түсінеді.

Күні 27.10.2020ж

Вариативтік компонент

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Ағаштар ұйықтай ма?» ертегісі

Мақсаты: Сөздік қорын дамыту мен дыбыстарды айтуға баулу. Еңбексүйгіштікке табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ағаш суреті, атрибуты.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап. Жаңа

сөздер: емен.

Билингвалдық компонент: емен-дуб.

Сабақтың барысы: Балалар бүгін сендер «Ағаштар ұйықтай ма?» ертегісін жылжымалы папка арқылы сахналап бересіңдер.

Балалар ертегіні мұқият тыңдап, сахналап береді.

Инжу-емен ағашы болып айтамыз.

Балалар Көркем орманды жақсы көреді екен.

Көркем- Каусар қызымыз болады.

Көркем-емен ағашы болып әңгімелеседі.

Көркем еменнен не сұрайды.

–Қабығы. Тақпақ

айтамыз.

Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі. Кіп-

кішкентай ағаштар, Үп-үлкен

боп өседі.

Балалар өлеңге сәйкес қимылдар жасайды.

Дидактикалық ойын «Қай ағаштың жапырағы»

Қорытынды: Балалар өзіне берілген тапсырманы орындауды білді.

Тақпақты ретімен орындап қимыл жасауды түсінді.

Күні 03.11.2020ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Күнбағыс» ертегісі

Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіндіру. Өз ойы бойынша әңгімелесуге үйрету. Сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту.

Көрнекілігі: күнбағыстың суреті, бейне таспа. Әдіс-тәсілі: түсіндіру, сұрақ-жауап.

Жаңа сөздер: күнбағыс.

Билингвалдық компонент: Күн-солныс. Күнбағыс - семчкый.

Сабақтың барысы: Балалар мен сендерге «Күнбағыс» ертегісін айтып беремін. Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.

Қандай халық өмір сүріпті?

Еңбексүйгіш.

Балалар олар неге сыйынып өмір сүріпті?

Күнге.

Жігіт қандай тілек айтыпты? күнге

сыйынып тұрамын депті.

Жігіттің екінші тілегі қандай болыпты? гүлге айналыпты

Балалар бұл қандай гүл екен?

Күнбағыс. Халық күнбағыстан басқа қандай ат беріпті?

Күнбағар.

Дидактикалық ойын «Ғажайып қоржын».

Қорытынды: Балалар гүлдің кереметін білді.

Халықтар бір-бірімен тату-тәтті тұру керектігін түсінді.

Күні 10.11.2020ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Қарлығаш» тобы.

Тақырыбы: «Үйшік»ертегісі.»ертегісі

Мақсаты: Сөйлемді дұрыс құрап айта білу.Шығарма мәтіннің мән-мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету.Балаларды сын есім мен зат есімнен тұрған сөздердің дыбысталуына көңілдерін аудару.

Көрнекілігі: атрибуттар.

Әдіс-тәсілі: ертегіні түсіндіру,сұрақ-жауап.Жаңа сөздер: үйшік.

Билингвалдық компонент: үйшік –домик.

Сабақтың барысы: Балалар бәріміз бірге жылы тілектерімізді айтайықшы.

Сенің көзің әдемі.

Сенің көйлегің әдемі.

Сенің жүзің әдемі.

Балалар бүгін мен сендерге «Үйшік» ертегісін үстел-үсті театры арқылы айтып беремін.

Тәрбиеші балаларға «Үйшік» ертегісін айтып беріп сұрақ-жауап жүргізеді.Балалар сұраққа жауап береді.

Желілі-рөльдік ойын «Отбасы». Балалар ойынды қызығып ойнайды.

Қорытынды: Балалар ойын шартын түсініп орындау ережесін білді.Ертегі желісі мен орындауды түсінді.Сабаққа жақсы қатысқан балаларды мақтап,мадақтау.

Күні:17.11.2020ж

Вариативтік компонент

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы:«Аю мен түлкі»ертегісі

Мақсаты: Ертегі арқылы балаларды есте сақтауын ертегіні сахналау арқылы дамыту.Балалардың тілін дамыту.Сөздік қорын байыту.

Көрнекілігі: суреттер.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру,көрсету.Жаңа

сөздер: түлкі.

Билингвалдық компонент: Түлкі-лиса. Аю- медвед.Балалар бәріміз бірге аю туралы тақпақ айтамыз.

Қорбаңдаған аюдың,

Құлпынайы көп екен. Теріп-

теріп алайық, Қалтамызға

салайық. Балалар қосылып

айтады.

Балалар біз не туралы тақпақ айттық?

Балалардың жауаптары аю.

Мен сендерге бүгін «Аю мен түлкі»ертегісін

айтып беремін.

Тәрбиеші фланелеграф театры арқылы ертегіні айтып береді.Балалар түлкі қандай жануар?Түлкі айлакер жануар екен.Дұрыс айтасыңдар балалар түлкі қу.

Қимылды ойын «Мені қуып жет»

Қорытынды: Қу,айлакер жануар түлкі екенін. Жануарлардың тіршілік ортасын түсінді.

Күні 24.11.2020ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Шалқан» ертегісін (сахналау)

Мақсаты: Ертегінің мәтінін мән-мағанасын бұзбай әңгімелеуді үйрету, балаларды сынесіммен зат есімнен тұрған сөздердің дыбысталуына көңілдерін аудару. Күзде пісетін көкөністер туралы түсінік беру.

Көрнекілігі: көкөністер киімі.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, ертегіні сахналау. Жаңа

сөздер: шалқан

Билингвалдық компонент: Ит-собака. Ата-дедушка. Шалқан – редка. Мысық- кошка. Балалар шеңбер болып тұрады. «Жылы лебіз» балалар бір-біріне бұрылып әдемі сөздер айтады.

Балалар жылы лебіздерін білдіреді. Балалар бүгін біз «Шалқан» ертегісін сахналап есімізге түсіремін боламыз. Ертеде бір атай шалқан егіпті, ол үлкен болып өсіпті оны атай жұла алмай анасын шақырады. Әжесі де тарта алмай қызын шақырады. Қызы тартады тарталмайды.

Көмекке күшігін шақырады. Күшіге де тарта алмай мысығын шақырады. Мысығы да тарта алмай тышқанды шақырады. Барлығы қосылып тартып, шығарып дәмді ас, пісіріп ішіпті.

Жарайсыңдар балалар ертегіні өте жақсы сахналап шығардыңдар.

Атасы-Саян. Әжесі-

Айзере. Қызы-

Сымбат. Иті- Аяла.

Мысығы- Аят. Тышқан -

Артығай.

Қимылды ойын «Мысық-пен тышқан».

Қорытынды: Балалар ертегіні рет-ретімен орындауды. Ойын шартын түсініп, қызығып орындайды.

Күні 08.12.2020ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы:Егінші қоян.

Мақсаты: Балаларды пантомима қимылымен атқарған істерін көрсете білуге үйрету. Қимыл қозғалыс үйлесімділігін, зейінін, ойлау қабілетін, қиялын дамыту. Балаларға ертегі, әңгіме, өлең балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыру, балаларды театр мәдениетіне баулу. Балалар топта ойнауға келісе өзара білуге, әлеуметте қарым қатынас жасауға үйрету. Тақпақты мәнерлеп оқуға үйрету..

Көрнекі құралдар: Суреттер, қайшы, желім, ақ парақ.

Жылулық шеңбері:

Ойын: «Тыныштық». Балалар мысық ұйықтап жатқан үйге жақындайды. Тәрбиеші Мысық оянбас үшін өте сақ қимылмен аяқ ұшымен сұқ саусағын ернін етігізіп, қасын жоғары көтеріп жүру керек екенін айтып, көрсетеді.

Балалар шеңбер болып тұрып жылулық шеңберін бірге айтады. Балалар мысық оянып кетпейтіндей аяқ ұшымен жүреді, кейде тоқтап бір біріне «тыныш» деп белгі береді, мойындарын алғасозып, сұр саусақтарын еріндеріне қойып қастарын жоғары көтереді. Тәрбиеші өлеңді оқиды, балалар қимыл көрсетеді.

Балалар Қоянды көрсетеді.

Қояным бақшада сәбіз екті,

Арықтарды түзу етіп екті.

Балалар арық қазған қимыл көрсетеді

Қыста арықта қармен ойнады,

Жазда арықта жасырынбақ ойнады.

Көктемде бақшада еңбек етеді, Жерді

таза аударып,

Жайлап қана тегістеп,

Сәбізді сонда егеді.

Мұқият дәнді себеді, Ұяшық

дән, ұяшық дән. Күзде дән мен

сәбізді. Қуанышпен жинап

жүреді. Сергіту сәті.

Тербеледі ағаштар, алдымнан

жел еседі.

кіп-кішкентай ағаштар, үлкен

болып өседі.

Дидактикалық ойын: «Қай жануар немен қоректенеді?»

Тиін, тышқан, қоян, кірпіге азығын тауып беру.

Тақпақ оқу: «Ақ қоян» Ақ

қоян ау, ақ қоян, Ұзын құлақ

сақ қоян, Күтілетін нәтиже:

Біледі: Балалар түрлі қалыпта тұра алады.

Түсінеді: Балалар Өз беттерінше түрлі қалыпта көрсете алады.

Күні 15.12.2020ж

Вариативтік компонент

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Көкөністер дауы» саусақ театры.

Мақсаты: Оқиганы эмоционалды қабылдауды, балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін сөздермен байыту. Балаларды ертегіні тыңдай білуге , көкөністер жеміс туралы жалпы түсінік білдіретін сөздерді енгізу.

Көрнекілігі: Көкөністер атрибуты,суреттер.Жаңа

сөздер: Қияр.

Әдіс-тәсілі: Ертегіні оқып беру,түсіндіру.

Билингвалдық компонент: Қияр-огурцы.

Сабақтың барысы: Балалар қазір жылдың қай мезгілі?Күз мезгілі.

Күз мезгілінде қандай жемістер піседі?

Алма,алмұрт,жүзім.

Қандай көкөністер піседі?

Сәбіз,картоп,пияз,орамжапырақ т.б

-Дұрыс балалар күз мезгілінде барлық көкөністер піседі.

Бүгін мен сендерге «Көкөністер дауы» ертегіні саусақ театры арқылы айтып беремін.Балалар сендерге ертегі ұнадыма?

Ия.

-Ертегі не туралы айтылған?

Көкөністер туралы.

-Еркеназ саған қандай көкөніс ұнады?

Қызанақ.

-Не үшін?Өйткені қызанақ өте әдемі.

-Балалар бүгін біз қияр туралы тақпақ жаттаймыз.Дәмі тілді үйірген ,

Мен тұздалған күйімде.Жаңа

піскен кезімде, Жейді бәрі

сүйсіне.

Дидактикалық ойын «Дәміне қарай ажырат»

Қорытынды: Балалар көкөністердің адам ағзасына пайдасы туралы біледі.Көкөністерге қандай күтім жасау керектігін түсініп орындайды.

Күні:22.12.2020ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Маймақ қаз»ертегісі

Мақсаты: Ертегіні тыңдай білуге қайталап дауысын айтпай салуға үйрету.Тіл байлығын дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің үйлесімді қозғалысын жетілдіру.

Көрнекілігі: суреттер,атрибуттар,конусӘдіс-тәсілі: түсіндіру,көрсету.

Жаңа сөздер: маймақ қаз. Билингвалдық компонент: қаз-утка.

Сабактың барысы:Балалар менің алдымдағы ненің суреті?Қаз.

Ол қайда жүр? Балалардың жауаптары суда.

Балалар бүгін мен сендерге «Маймақ қаз» ертегісін конустық театры арқылы айтыпберемін.

Балалар сендерге ертегі ұнады ма?Ия.

Ертегіде қандай құс туралы айтты.Қаз.

«Қаз» өлеңін жаттаймыз.

Қазым,қазым қаңқылда Көлде жүзіп саңқылда.

Жем шашайын жейсіңбе

Кәмпит берем дейсіңбе.

Жоқ,жоқ, кәмпит саған болмайды ас.Арпа менен бидай шаш.

Қимылды ойын «Шөжелер мен ала мысық»

Қорытынды: Қаз туралы түсінікті біледі. Ойын шартын түсініп ,қызығып ойнайды.

Күні: 29.12.2020ж

Вариативтік компонент

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды» ертегісі.

Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсінігін ұлғайту, жануарлардың ерекшеліктері бойынша ажырата білуге, әңгімені мұқият тыңдай білу қабілетін дамыту. Үй жануарларына қамқор болуды үйрету.

Көрнекілігі: үй жануар суреті.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, сұрақ-жауап
Жаңа сөздер: Түйе.

Билингвалдық компонент: Жылқы-лошадь.

Сабақтың барысы:

Балалар мен сендерге тақпақ оқимын.

Құлыншағым құндызым,

Құлдырайды шабады. Жылтыңдаған

жұлдызым, Құстай қанат қағады.

Балалар тәрбиешімен бірге қайталап айтады.

Балалар құлыншақ ненің баласы ?

Жылқының.

Түйенің баласын не деп айтамыз ? Бота.

Балалар мен сендерге «Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды» ертегісін айтып беремін.

Балалар сендерге ертегі ұнады ма ?

Ия.

Ертегі не туралы айтылған ?

Жылқы, түйе туралы айтылған.

Дидактикалық ойын «Төлдерін ажырат және ата».

Балалар ойынды көңілдене ойнайды.

Қорытынды: : Үй жануары мен олардың төлдерін атауды біледі. Ойын шартын түсініп, қызығып орындайды.

Күні:05.01.2021ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Үш аю» ертегісі. .

Мақсаты: Ертегіні тыңдай білуге және қайталап дауысын айнытпай салуға үйрету. Сахнада ойнау іскерлігін дамыту. Тіл байлығын дамыту.

Көрнекілігі: Суреттер, қуыршақтар аю. Әдіс-

тәсілі: түсіндіру, ойын, көрсету. Жаңа

сөздер: қуыршақ.

Билингвалдық компонент: аю-медведь. Сабақтың барысы:

Балалар қандай жабайы жануар көріп тұрсыңдар? Аю.

Балалар аю туралы кім тақпақ біледі?

Сымбат.

Қорбандаған аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Жарайсың Сымбат.

Енді Рамазан. Саян. Ернар тақтаға шығып менің айтуым бойынша «Үш аю» ертегісін айтып беремін. Сендер аю болып қуыршақты ойнатасыңдар.

Балалар сендерге ертегі ұнады ма? Ия.

Қимылды ойын «Аю мен торғайлар»

Қорытынды: Балалар ертегіні керемет ойнап шықтыңдар. Балалар қуыршақ ойнатудың тәсілдерін біледі. Ойын шартын түсініп, қызығып ойнайды.

Күні 12.01.2021ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Төлдер айтысы»ертегісі

Мақсаты: Ертегінің мәтіннің мән-мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету. Ертегіні құрастыруды үйретуді жалғастыру.Балаларға айтылған ойды тыңдауға және ұғынуғаәңгімеге араласып отыруды үйрету.

Көрнекілігі: Үй жануарлардың суреттері, үстел-үсті театры.Әдіс-

тәсілі: Ертегіні мұқият тыңдау.

Жаңа сөздер: төлі.

Билингвалдық компонент: Сиыр- корова. Жылқы- лошадь.Қой- баран. Сабақтың барысы: Балалар бір-бірімізге жылулық лебізімізді айтайықшы. Каусар сенің көзің әдемі. Тәрбиеші балаларға «Төлдер айтысы» ертегісін айтыпбереді.Үстел-үсті театры.

-Ертегі не туралы айтылған?

Төлдер туралы.

-Ертегіде қандай төлдер кездеседі?

-Лақ ненің төлі?

Ешкінің төлі.

-Қошақан ше?

Қойдың төлі.

-Бұзаудың анасын не дейміз?Сиыр деп атаймыз.

Төлдерге неге таласып дауласады?

Иесінің мақтауын айтады.Оларға кім төрелік етеді?Адамдар.

Дидактикалық ойын «Төлдерін тап және ата»

Қорытынды: Үй жануарларының төлдерін атай біледі. Ертегі туралы түсінді.

Күні 19.01.2021ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Қысқы баспана» ертегісі.

Мақсаты: Ертегіні мұқият тыңдай білуге үйрету.Ертегінің ерекшелігін түсіну.Баланың ой-өрісін кеңейту.Тіл байлығын дамыту.

Көрнекілігі: суреттер,киімдер.

Әдіс-тәсілі: Ертегіні сахналау,ойын.Жаңа

сөздер: баспана.

Билингвалдық компонент: Қыс-зима.Ертегі-сказка.

Сабақтың барысы: Балалар бір-бірімізге жылулық лебізімізді айтайықшы.Айдай арайлап,

Күндей жарқырап. Судай

таза көңілмен, Біз ертекті

бастаймыз.

Балалар бірге қайталап айтады.

Балалар бүгін мен сендерге «Қысқы баспана» ертегісін айтып беремін,сендер соны сахналап бересіңдер.

Бұқа –Ернар,әтеш- Саян,қошқар- Жігер, мысық- Ақбота сахналап көрсетеді.Балалар бірігіп сахналайды. Олар бәрі бірігіп,жылы үй тұрғызады.

Оларға кім шабуыл жасайды?

Балалардың жауаптары қасқыр.

Оларды қасқыр жеп қояды ма?

Балалар жоқ.

Қимылды ойын «Мысық пен тышқан».

Қорытынды: Балалар ертегі желісін ретімен орындауды білді.Ойын шартын түсініп қызығып орындайды.

Күні:26.01.2021ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Шұбар тауық»

Мақсаты: Сөйлемді дұрыс құрап айта білу. Шығарма мәтіннің мән мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету.ертегілерге қызығушылықтарын арттыру .

Көрнекілігі: Ертегі кейіптерінің суреттері,қуыршақтар.Әдіс-

тәсілі: Ертегіні түсіндіру, сұрақ-жауап.

Билингвалдық компонент: Тауық- курица

Сабақ барысы:

«Менің сүйікті ертегім»

жылулық шеңбері .

Балалар шеңберге тұрып, «Мен ертегіні жақсы көремін, себебі...» деп, жағымдықәсиеттерін айтады.

Балалар мен сендерге бүгін «Шұбар тауық» ертегісін оқып беремін.Тәрбиеші балаларға

«Шұбар тауық» ертегісін айтып беріп сұрақ-жауап жүргізеді.

Балалар сұрақа жауап береді. Желілі-рөльдік ойын «Отбасы» .Балалар ойынды қызығып ойнайды.

Қорытынды: Балалар ойын шартын түсініп орындау ережесін білді.

Ертегі желісі мен орындауды түсінді.

Күні 02.02.2021ж

Вариативтік компонент

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Ақымақ қасқыр»ертегісі

Мақсаты: Ертегі арқылы балалардың есте сақтауын ертегіні сақналау арқылы дамыту.Балалардың тілін дамыту, сөздік қорын байыту.

Көрнекілігі:Суреттер.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету.Жаңа

сөздер: қасқыр.

.Билингвалдық компонент:қасқыр-волк.

-Балалар мына суретте қандай жануарды көріп тұрсындар?

-Қасқырдың.

Қасқыр туралы тапқақ білемізбе, еске түсірейік.

«Қасқыр»

Мен-кокжал қасқырмын, Малшыны

састырдым.

Аш болсам,ұлимын, Ауылды

торимын.

Балалар біз қандай аң туралы айттық?

Қасқыр туралы айттық.

Мен сендерге бүгін «Ақымақ қасқыр» туралы ертегі айтып беремін.

-Қойды- ешкіні және қойшыны.

-Қасқыр қандай аң?Аңқау

алданғыш аң.

Қимылды ойын «Мені қуып жет»

Қорытынды:

Қасқыр жабайы аң.Ойынды қызыға ойнады.

-Ақым

Күні: 09.02.2021ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Төлдер айтысы» ертегісі .(Қуыршақ театры)

Мақсаты: Ертегіні түсіндіру барысында сөздік қорын,сөйлеу қорын,сөйлеу мәдениетінің даму қабілеттерін дамыту. Олардың өмір сүру ортасын,қозғалу әдістері туралы түсініктерін ұлғайту.

Көрнекілігі: Үй жануарларының суреттері мен атрибуттары.Әдіс-тәсілдер:Өңгімелеу, түсіндіру, үйрету ,рөлге ену.

Билингвалды компонент:

Сабақ барысы:

«Малдың баласын сую»

Қой сүйеді баласын «қоңырым» - деп,

Ештеңені білмейтін «момыным»- деп.

Сиыр сүйеді баласын «торпағым» -деп,

Қараңғыда баспаған « қорқағым » -деп. Түйе сүйеді баласын «боташым »-деп, Жаудыраған көзіңнен ,«тотошым »-деп. Ешкі сүйеді

баласын «лағым»-деп, Тастан-тасқа секірген

«шұнағым»-деп. Жылқы сүйеді баласын

«құлыным»-деп, Тұлпар болып жүгірер «

жұлыным»-деп.Балалар мен не туралы тақпақ оқыдым.

—Сендер маған үй жануарларын атап беріңдерші?

- Түйенің төлін не деп атаймыз? -

--Жылқының төлін не деп атаймыз?-

--Қойдың төлін не деп атаймыз?

Балалардың жауабы.

-Үй жануарларының бізге қандай пайдасы бар?

-Дұрыс балалар біз олардың сүтін ішеміз, құртын жейміз, етін жейміз, жүнінен киім тоқимыз.

Сендер үй жануарларына қандай қамқорлық жасайсыңдар? Бүгін сендерге « Төлдер айтысы » ертегісін айтып беремін .

-- Сендерге ертегі ұнадыма?

- Ертегі не туралы екен?

—Осы ертегіні қуыршақ театры арқылы көрсетіп бересіңдер.Қимылды ойын: «Қояным»

Қорытынды:Балалар жануарлардың төлдерін атай біледі.

—Сип

—

Күні: 16.02.2021ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Қоянның үйшігі» ертегісі сахналау.

Мақсаты: Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға, кейіпкерлерді ойнағанда мінез –құлқын біле білуге үйрету.

Көрнекілігі: Өтеш, түлкі, қоян, иттің атрибуттары, үйшік. Әдіс-тәсілдер: Өңгімелеу, түсіндіру, үйрету, рөлге ену.

Билингвалды компонент: өтеш-петух, қоян-заяц, түлкі-лиса, ит-собака.

Сабақ барысы:

« Сұр қоян »

Ұзын құлақ ,сұр қоян , Естіп

қалып сыбдырды. Ойлы-

қырлы жерлермен, Ытқып-

ытқып жүгірді.

Қарап едіартына, Қиығын сап

көзінің, Келе жатқан

томпаңдап, Көжегі екен

өзінің.

Балалар біз қандай аң туралы пақпақты еске түсірдік.

Енді мен сендерге «Сұр қоян» ертегісін айтып берейін.

-Ертегіде қандай кейіпкерлер бар екен? Қоян,

түлкі, ит, аю.

Қоянның үйшігі неден жасалған екен?

Түлкінің үйшігі неден жасалған екен?

-Мұздан, Қоянның үйшігін кім алып берді?

-Өтеш

«Өтештің әні»

Шөп шабамын, шабамын .

Түлкіні іздеп табамын.

Қоянның үйінен шықпаса, оны да

шалғынша шабамын. Сендерге

ертегі ұнады ма?

Ертегіні енді ертегіні сахналаймыз

Қорытынды:

Ертегінің желісі бойынша орындауды біледі

-Қоян

--Ағаштан

Күні: 23.03.2021ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Қырыққабат пен алма»ертегісі

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Балаларды жемістер мен көкөністерді ажырата білуге үйрету, оның адам денсаулығына тигізетін пайдасы туралы білу. Көру мүмкіндіктерін дамыту. *Блингвалды компонент:* қырыққабат-капуста, алма-яблоко, қыс-зима.

Қажетті материалдар: қырыққабат, алма.

Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру.

Армысың, асыл күн!

Армысың, асыл жер!

Армысың, көк аспан!

Армысың, жан досым!

Жылуыма жылу қос, Міне,

менің қолым!

Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.

Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Қырыққабат пен алма».

Тәрбиеші ертегіні оқып береді.

Балалар ертегіні мұқият тыңдайды

Сұрақтар бойынша жұмыс:

Ертегі не жайлы?

Ертеде қырыққабат пен алма қай жерде өсті? Суық

қыста қырыққабат неге тоңбады?

Суықта алма неге тоңа бастады?

Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Алма

қырыққабаттан не өтінді?

Алма неге жылы жаққа көшіп кетті?

Балалардың өз бетінше сахналауы

Көздеріне жаттығу жасайды

Ең соңы қалай аяқталды?

Сергіту сәті «Ағаштар». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды.

Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі.

Ертегінің көрінісін сахналау.

Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету).

Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу

іс-әрекеті сендерге ұнады ма?

Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.

Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Күні: 02.03.2021ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Бір уыс мақта».ертегісі

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балалардыңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: қыз-девушка, апа-бабушка, торғай-воробей, тұмсық-клюв.

Қажетті материалдар: қыз, апасы, торғай.

Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру.

Армысың, асыл күн!

Армысың, асыл жер!

Армысың, көк аспан!

Армысың, жан досым!

Жылуыма жылу қос, Міне,

менің қолым!

Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.

Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Бір уыс мақта».

Тәрбиеші ертегіні оқып береді.

Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.

Сұрақтар бойынша жұмыс:

Ертегі не жайлы?

Қыз нені жамап отырды?

Анасы қызына не деді?

Қыз терезеден нені лақтырып жіберді?

Мақтаны не алып кетті?

Анасы қызына не деді?

Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Ең

соңы қалай аяқталды?

Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин).

Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді.

Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету). Тәрбиеші

қиналып отырған балаларға көмектеседі. Ертегінің

көрініс сахналау

Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу

іс-әрекеті сендерге ұнады ма?

Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.

Балалар өз ойларымен бөліседі Күтілетін

нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Күні: 09.03.2021ж

Вариативтік компонент

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Ең қымбат байлық».

Мақсаты: Балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: бала-мальчик, ақсақал-дедушка.

Қажетті материалдар: бала, ақсақал.

Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру.

Армысың, асыл күн!

Армысың, асыл жер!

Армысың, көк аспан!

Армысың, жан досым!

Жылуыма жылу қос, Міне,

менің қолым!

Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.

Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Ең қымбат байлық».

Тәрбиеші ертегіні оқып береді.

Сұрақтар бойынша жұмыс:

Ертегі не жайлы?

Бала Құдайдан не сұрады? Оны кім естіп қойды?

Ақсақалдың сөзін не деп ойлады жігіт?

Ақсақал нен сатшы деді жігітке?

Жігіт неге ашуланды?

Сонда ақсақал ең қымбат байлық не деді? Ең соңы қалай аяқталды?

Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин).

Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді.

Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету). Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. Ертегінің көрініс сахналау.

Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?

Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Күні: 16.03.2021ж

Вариативтік компонент

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Еңбекпен тапқан нан тәтті».

Мақсаты: Балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балалардың еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: бала-мальчик, еңбек-труд, күріш-рис.

Қажетті материалдар: бай, бала, қайыршы.

Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру.

Армысың, асыл күн!

Армысың, асыл жер!

Армысың, көк аспан!

Армысың, жан досым!

Жылуыма жылу қос, Міне,

менің қолым!

Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді

Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Еңбекпен тапқан нан».

Тәрбиеші ертегіні оқып береді.

Сұрақтар бойынша жұмыс:

Ертегі не жайлы?

Байдың қол астында кім жұмыс істеген? Бай

баланы қайда жұмсады?

Көкбазардан нені сатып алып келуге?

Жетім келе жатқанда кімді көрді?

Күрішті кімге берді?

Бай жетім балаға не істеді?

Қайыршы мен бала не істеді?

Қайыршы не деді?

Бала одан кейін қалай өмір сүріпті? Ең

соңы қалай аяқталды?

Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин).

Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді.

Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету). Тәрбиеші

қиналып отырған балаларға көмектеседі. Ертегінің

көрініс сахналау.

Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу

іс-әрекеті сендерге ұнады ма?

Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Күні: 30.03.2021ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Қасқыр, түлкі, әтеш» ертегісі.

Мақсаты: Ертегіні балаларға түсіндіре отырып, қайырымдылыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмыс: әтеш-петух, қасқыр-волк, түлкі-лиса. *Қажетті*

материалдар: әтеш, қасқыр, түлкі ойыншықтар. Шаттық шеңбері:

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз.

Жарқыраған күндейміз,

Ренжісуді білмейміз!

Өлең жолдарын бірге айтады. Қасқыр,

түлкі, әтеш» ертегісін оқу. Балалар

ертегі тыңдайды Сұрақтар:

Ертегі кейіпкерлерін ата? Олар

не салмақ болды?

Әкесі баласына неге ұрысты?

Түлкі әтеш пен қасқырға қандай тапсырма берді?

Сұрақтарға жауап береді.

Сергіту жаттығуы:

«Бала, бала, баламыз»

Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау.

Көзге арналған жаттығу: «оңға, солға».

Балалардан өздеріне қай кейіпкердің ұнағанын сұрау?

Шаһар салу үшін не істеу керек еді?

Балалардың жауабы. Ертегіні

мазмұндау. Балаларды

мадақтау.

Балалар бұл ертегі бізді өтірік айтпауға, бірлік болған жерде жұмысты аяқтауға болатынын айтады.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдау.

Болу керек: дос бола білу. *Үйрету керек:* достыққа адал болу қажеттігін түсіндіру.

Күні: 06.04.2021ж

Варіативтік компонент

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: Тату достар (саусақ театры.)

Мақсаты: Достық құндылығы туралы түсінік беру Достарға деген мейірім қарым – қатынасқа үйрету. Адал дос ,достаса білуге тәрбиелеу.

Әдіс –тәсілі:түсіндіру,көрсету, үйрету

Көрнекілігі: Саусаққа арналған кейіпкерлер

Шаттық шеңбері

Күлімдеген күндейміз

Ренжуді білмейміз,

Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық достарым.

Балалар сендерге бакшаға келген ұнайма?

—

Ия

Балабақшада ойын ойнап, сабақ өтіп көп достармен ойнаймыз.

Елнұр сенің досың кім?

Азамат Диас

Балалар мен сендерге Тату достар ертегісін айтып берейін

Жүректен –жүрекке

Балалар тілектерін айтады

Менің досым күшті болса деймін

Менің досым көп болса

Сергіу сәті

Бір, екі, үш, деп

Алақанды соғамыз

Жоғары –төмен қараймыз,

Орнымызды табамыз

Қймылды ойын:Біз үлкенбіз ,біз кішкентаймыз

Балалар ойын тәртібі бойынша үлкенбіз дегенде қолдарын жоғары көтеріп аяқ ұшындатұрады, кішкентаймыз дегенде отырады.

Қорытынды: Балалар бір-біріне жақын дос болуды түсінді.

Күні: 13.04.2021ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: Ай мен күн ертегісі. (жылжымалы папка)

Мақсаты: Аспан әлемі туралы түсінік беру Табиғатқа деген

сүйі

сепінілігінарттыру. Ертегіні тыңдай білуге және кейіпкерлерді атай білуге үйрету.

Билингвалды компонент: күн-солнце,

Көрнекілігі: Жылжымалы папка

Әдіс – тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ жауап

Сабақ барысы:

Жылулық лебізі Алтын

таңнышуағы Бақыт үшін

туады

Қайырлы таң қонақтар

Жарық күннің тұрағы!

Балалр қазір жылдың қай мезгілі?

Күз мезгілі

Күз мезгілінде ауа райы қандай болады?

-Ауа райы өзгеріп отырады көбінесе жаңбыр

жауады

-Ауа райы бұлттанғанда, бұлттар арасынан ай да күн де көрінбей қалады екен.

-Ай қай кезде шығады?

-Ай түнде шығады.

Ал күн ше қай кезде шығады?

-Күн күндіз жарық болғанда шығады.

Ал енді балалар мен седерге Ай мен күн ертегісін айтып берейін.

- Айсұлу

Ойын: Күн мен түн

Қорытынды: Балалр ертегіні тыңдап Күн мен Айдың бір біріне ренжісін түсінді.

Күні 20.04.2021ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы:Әтеш пен тоты(жылжымалы папка)

Мақсаты:Ертегінің мазмұнын түсіну, өз түсінігімен әңгімелеу барысында сөздік қорын молайту,өйлеуге дағдыландыру. Құстар жайлы білімін кеңейту.

Әдіс -тәсілдері: Сұрақ-жауап, слайд көрсету,

Көрнекілігі:ІӘтеш пен тоты суреті ,құстардың суреті

Билингвалды компонент: Әтеш-петух,тоты-папугай.

Сабақ барысы:Таңғы

жиын.

Таң әлі атқан жоқ,

Маңай әлі қараңғы.

Әтеш ерте оянып,

Оятады баланы

Ку-ка-ре-ку, ку-ка-ре- ку,

Оятады баланы

Үнтаспа арқылы әтештің таңғы шақырған даусын тыңдату.

-Балалар бұл ненің даусы?

-Әтештің даусы

-Бұл қандай құс?

-Үй құсы . Жұмбақ

жасыру

Бұрап қойған сағаттай, Айқайлайды

таң атпай (әтеш)Ертегі оқу : Әтеш

пен тоты

Әтеш өте әдемі болыпты,ол өзі ешкіммен сөйлеспейді екен

Тоты кімнен киім сұрайды?

Әтештен сұрайды

Әтеш кіммен дос болыпты?

Әтеш пен дос болыпты

Қанатымды жазамын Жоғары -

төмен қаамын Биік көкте

ойналып, Жұлдыздай жылдам

ағамын,

Үй құстар немен қоректенеді?Жем,

шөппен қоректенеді.

«Айнытп сал» ойыны

Әтешке қарап ән салып,Әниі

болған балапан

Әтеш болып шақырыпСақшы

қане алақан.

Қорытынды:Балалар ертегіні тыңдап жұмақтың жауабын шешіп тақпақтарды айта білді.

Күні 27.04.2021ж

Вариативтік компонент

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: Ешкі мен жеті лақ(ертегісін сахналау)

Мақсаты:Балалардың көркем шығармалар арқылы тіл байлығын ауыз екі сөйлеуін дамыту.Ертегілермен таныстыру.Ертегіні мәнерлеп,дауыс ырғағын келтіре отырып сөйлеу,рөлге бөліп ойнауға үйрету жұмысын жалғастыру.

Керекті құралдар: Үйшік,ешкі мен қасқыр,лақтардың костюмдері,қуыршақ.

Сабақ барысы:Жылулық шеңбері. Сәлеметсіңдер ме,балалар!

Мен сендерді көргеніме қуаныштымын.Музыка ойналады.Топқа орыстың ұлттық киімінкиген қуыршақ кіреді.

Балалар тәрбиешімен сәлемдеседі.Қуыршаққа таңырқай қарайды. Ой, балалар қараңдар,бізге ерекше қонақ келіпті өзі көңілсіз,үндемейді. Не болды екен? Ұнтаспадан дауыс естіледі: Ха-ха-ха! Мен зұлым сиқыршымын! Ол енді ешқашан сөйлей алмайды,мен оны сиқырлап тастадым. Тек мен ғана оның сиқырын қайтара аламын,бірақ мен оныайтпаймын!

-Балалар енді не істесек болады?Қалай көмектесек болады?-Қане,онда амандасып көрейік,- деп шеңберде тұрады.

Жарқын,жарқын үніміз,

Болашақтың күніміз.

Балалық шақ үйінің. Жайнап

тұрған гүліміз.

Өлең жолдарын бірге айтып қуыршақпен амандасады.

-Сәлеметсің бе,қуыршақ!

Қуыршақ күлімдеп,балалармен амандасады.

-Сәлеметсіңдер ме!Мен ертегілер елінен келдім,сендерді орыстың халық ертегісімен таныстырғым келеді.Жүріңдер,сол ертегіге қонаққа барайық.Көздеріңді бір сәтке жұмып,отыра қалыңдар.Ертегіге қонаққа баруға қуана келіседі.

Бүгін біз, сіздермен бірге жеті лақ пен қасқыр ертегісін сахналауға шақырамын.Сахналауға қатысатын балалар ертегіні қойып береді. Балалар рөлдерді бөліпалады,ертегіні сахналайды.

Сергіту жаттығуы

Ертегі ұнады ма?

Ертегіге қай үй жануарлары қатысады. Ешкі және оның лақтары.Дұрыс,ешкі және оның лақтары. Қазір онда жануарлар туралы .

«Отбасылар» деген ойын ойнайық.Балалар карточкадан әрбір жануардың отбасын топтастырып тауып береді.

Рөлді ойнаған кейіпкерлер сахнаға шығып айтады.

Шөре,шөре лағым,

Тентек болма шырағым.

Секендемей демінді ал,

Селтеңдемей құлағың.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:ертегі мазмұнын біледі;

Меңгереді:ойынға қатысып,үйлесімді қимыл орындайды

Күні 04.05 2021ж

Вариативтік компонент

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Шалқан» ертегісін (сахналау)

Мақсаты: Ертегінің мәтінін мән-мағанасын бұзбай әңгімелеуді үйрету, балаларды сынәсіммен зат әсімнен тұрған сөздердің дыбысталуына көңілдерін аудару. Күзде пісетін көкөністер туралы түсінік беру.

Көрнекілігі: көкөністер киімі.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, ертегіні сахналау. Жаңа

сөздер: шалқан

Билингвалдық компонент: Ит-собака. Ата-дедушка. Шалқан – редка. Мысық- кошка. Балалар шеңбер болып тұрады. «Жылы лебіз» балалар бір-біріне бұрылып әдемі сөздер айтады. Балалар жылы лебіздерін білдіреді. Балалар бүгін біз «Шалқан» ертегісін сахналап әсімізге түсіремін боламыз. Ертеде бір атай шалқан егіпті, ол үлкен болып өсіпті оны атай жұла алмай анасын шақырады. Әжесі де тарта алмай қызын шақырады. Қызы тартады тарталмайды. Көмекке күшігін шақырады. Күшіге де тарта алмай мысығын шақырады. Мысығы да тарта алмай тышқанды шақырады. Барлығы қосылып тартып, шығарып дәмді ас, пісіріп ішіпті. Жарайсыңдар балалар ертегіні өте жақсы сахналап шығардыңдар.

Атасы-Саян. Әжесі-

Айзере. Қызы-

Сымбат. Иті- Аяла.

Мысығы- Аят. Тышқан -

Артығай.

Қимылды ойын «Мысық-пен тышқан».

Қорытынды: Балалар ертегіні рет-ретімен орындауды. Ойын шартын түсініп, қызығып орындайды.

Күні 11.05.2021ж

Вариативтік компонент

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы:Егінші қоян.

Мақсаты: Балаларды пантомима қимылымен атқарған істерін көрсете білуге үйрету. Қимыл қозғалыс үйлесімділігін, зейінін, ойлау қабілетін, қиялын дамыту. Балаларға ертегі, әңгіме, өлең балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыру, балаларды театр мәдениетіне баулу. Балалар топта ойнауға келісе өзара білуге, әлеуметте қарым қатынас жасауға үйрету. Тақпақты мәнерлеп оқуға үйрету..

Көрнекі құралдар: Суреттер, қайшы, желім, ақ парақ.

Жылулық шеңбері:

Ойын: «Тыныштық». Балалар мысық ұйықтап жатқан үйге жақындайды. Тәрбиеші Мысық оянбас үшін өте сақ қимылмен аяқ ұшымен сұқ саусағын ернін етігізіп, қасын жоғары көтеріп жүру керек екенін айтып, көрсетеді.

Балалар шеңбер болып тұрып жылулық шеңберін бірге айтады. Балалар мысық оянып кетпейтіндей аяқ ұшымен жүреді, кейде тоқтап бір біріне «тыныш» деп белгі береді, мойындарын алғасозып, сұр саусақтарын еріндеріне қойып қастарын жоғары көтереді. Тәрбиеші өлеңді оқиды, балалар қимыл көрсетеді.

Балалар Қоянды көрсетеді.

Қояным бақшада сәбіз екті,

Арықтарды түзу етіп екті.

Балалар арық қазған қимыл көрсетеді

Қыста арықта қармен ойнады,

Жазда арықта жасырынбақ ойнады.

Көктемде бақшада еңбек етеді, Жерді

таза аударып,

Жайлап қана тегістеп,

Сәбізді сонда егеді.

Мұқият дәнді себеді, Ұяшық

дән, ұяшық дән. Күзде дән мен

сәбізді. Қуанышпен жинап

жүреді. Сергіту сәті.

Тербеледі ағаштар, алдымнан

жел еседі.

кіп-кішкентай ағаштар, үлкен

болып өседі.

Дидактикалық ойын: «Қай жануар немен қоректенеді?»

Тиін, тышқан, қоян, кірпіге азығын тауып беру.

Тақпақ оқу: «Ақ қоян» Ақ

қоян ау, ақ қоян, Ұзын құлақ

сақ қоян, Күтілетін нәтиже:

Біледі: Балалар түрлі қалыпта тұра алады.

Түсінеді: Балалар Өз беттерінше түрлі қалыпта көрсете алады.

Күні 18.05.2021ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: Ешкі мен жеті лақ(ертегісін сахналау)

Мақсаты:Балалардың көркем шығармалар арқылы тіл байлығын ауыз екі сөйлеуін дамыту.Ертегілермен таныстыру.Ертегіні мәнерлеп,дауыс ырғағын келтіре отырып сөйлеу,рөлге бөліп ойнауға үйрету жұмысын жалғастыру.

Керекті құралдар: Үйшік,ешкі мен қасқыр,лақтардың костюмдері,қуыршақ.

Сабақ барысы:Жылулық шеңбері. Сәлеметсіңдер ме,балалар!

Мен сендерді көргеніме қуаныштымын.Музыка ойналады.Топқа орыстың ұлттық киімін киген қуыршақ кіреді.

Балалар тәрбиешімен сәлемдеседі.Қуыршаққа таңырқай қарайды. Ой, балалар қараңдар,бізге ерекше қонақ келіпті өзі көңілсіз,үндемейді. Не болды екен? Ұнтаспадан дауыс естіледі: Ха-ха-ха! Мен зұлым сиқыршымын! Ол енді ешқашан сөйлей алмайды,мен оны сиқырлап тастадым. Тек мен ғана оның сиқырын қайтара аламын,бірақ мен оныайтпаймын!

-Балалар енді не істесек болады?Қалай көмектесек болады?-Қане,онда амандасып көрейік,- деп шеңберде тұрады.

Жарқын,жарқын үніміз,

Болашақтың күніміз.

Балалық шақ үйінің.

Жайнап тұрған гүліміз.

Өлең жолдарын бірге айтып қуыршақпен амандасады.

-Сәлеметсің бе,қуыршақ!

Қуыршақ күлімдеп,балалармен амандасады.

-Сәлеметсіңдер ме!Мен ертегілер елінен келдім,сендерді орыстың халық ертегісімен таныстырғым келеді.Жүріңдер,сол ертегіге қонаққа барайық.Көздеріңді бір сәтке жұмып,отыра қалыңдар.Ертегіге қонаққа баруға қуана келіседі.

Бүгін біз, сіздермен бірге жеті лақ пен қасқыр ертегісін сахналауға шақырамын.Сахналауға қатысатын балалар ертегіні қойып береді. Балалар рөлдерді бөліпалады,ертегіні сахналайды.

Сергіту жаттығуы

Ертегі ұнады ма?

Ертегіге қай үй жануарлары қатысады. Ешкі және оның лақтары.Дұрыс,ешкі және оның лақтары. Қазір онда жануарлар туралы .

«Отбасылар» деген ойын ойнайық.Балалар карточкадан әрбір жануардың отбасын топтастырып тауып береді.

Рөлді ойнаған кейіпкерлер сахнаға шығып айтады.

Шөре,шөре лағым,

Тентек болма шырағым.

Секендемей демінді ал,

Селтендемей құлағың.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:ертегі мазмұнын біледі;

Меңгереді:ойынға қатысып,үйлесімді қимыл орындайды

Күні 25.05 2021ж

Вариативтік компонент.

Ересек «Нұршуақ» тобы.

Тақырыбы: «Шалқан» ертегісін (сахналау)

Мақсаты: Ертегінің мәтінін мән-мағанасын бұзбай әңгімелеуді үйрету, балаларды сынәсіммен зат әсімнен тұрған сөздердің дыбысталуына көңілдерін аудару. Күзде пісетін көкөністер туралы түсінік беру.

Көрнекілігі: көкөністер киімі.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, ертегіні сахналау. Жаңа

сөздер: шалқан

Билингвалдық компонент: Ит-собака. Ата-дедушка. Шалқан – редка. Мысық- кошка. Балалар шеңбер болып тұрады. «Жылы лебіз» балалар бір-біріне бұрылып әдемі сөздер айтады. Балалар жылы лебіздерін білдіреді. Балалар бүгін біз «Шалқан» ертегісін сахналап әсімізге түсіремін боламыз. Ертеде бір атай шалқан егіпті, ол үлкен болып өсіпті оны атай жұла алмай анасын шақырады. Әжесі де тарта алмай қызын шақырады. Қызы тартады тарталмайды. Көмекке күшігін шақырады. Күшіге де тарта алмай мысығын шақырады. Мысығы да тарта алмай тышқанды шақырады. Барлығы қосылып тартып, шығарып дәмді ас, пісіріп ішіпті. Жарайсыңдар балалар ертегіні өте жақсы сахналап шығардыңдар.

Атасы-Саян. Әжесі-

Айзере. Қызы-

Сымбат. Иті- Аяла.

Мысығы- Аят. Тышқан -

Артығай.

Қимылды ойын «Мысық-пен тышқан».

Қорытынды: Балалар ертегіні рет-ретімен орындауды. Ойын шартын түсініп, қызығып орындайды.

Түркістан облысы Шұбарсу елді мекені

«Бал-бөбек» бөбекжай балабақша

Бекітемін:

«Бал бөбек» бөбекжай балабақша

ЖШС меңгеруші:

Каптіфеева Р.



2020-2021 оқу жылы

«Жасұрпак» МАД тобы

Вариативтік компонент

«Ертегілер әлемі»



ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ

Тәрбиешілір: Сейткеримова Сәндігүл

2020-2021 оқу жылы

Кіріспе

Білім мен тәрбие бастауын балалар балабақшадан алады. Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие саласы мамандарының алдында жан - жақты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орыны бар үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Бүлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше.

Н. К Крупская: «Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойынның ерекше маңызы бар: олар үшін ойын - оқу, олар үшін ойын - еңбек, олар үшін ойын - тәрбиенің маңызды түрі». Ойын - баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін, зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамытады. Ойын - баланың өмірді танудағы алғашқы қадамы. Ойын барысында ойын ситуациясына бейімделу, алғашқы да жекелеген элементерді, кейінен рөлді толығымен ойнау арқылы баланың ой-өрісі, қиялы дамиды. Рөлді ойнау арқылы өз кейіпкерін алдына елестетіп қана қоймай, бала оның әрекеттерін, сезімдерін сезінеді. Осындай эмоциялық күйлер баланы бұрын байқамаған өмір көріністеріне таң қалдырып, өз сезімін мимика, ым-ишара, тағы басқа көріністер арқылы біреуге үйретеді.

Түсінік хат

Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп қызығушылығын оятамыз. Көріністерді өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспеншілікті арттырамыз. Театр әр балаға қуаныш, ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан – жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан–жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады. Ал, театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ойнайды. Театрландырылған ойындар ойын–қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді.

Ертегі – ауыз әдебиетінің ықылым заманынан келе жатқан көне де мол мұрасы. Оның ертегі деп аталуының өзінен де, сол сияқты ертегілердің «Бұрынғы өткен заманда, ерте-ерте деп» басталуынан да оның атам заман туындысы екенін аңғару қиын емес. Ертегілерде халық басынан кешкен, ғасырлар жыры жатыр. Оларда еңбекші халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, елдік тарихы, қилы-қилы қиын асулары, халықтың арман-мұраты бейнеленген. Барлық елдің ауыз әдебиетінен мол орын алған және халықтың жазу-сызу өнері болмаған кезінде ауызша шығарған күрделі шығармасының бір түрі. Ертегілер көбінесе, қара сөз ретінде айтылатындықтан, оны халықтың ерте заманда шығарған көркем әңгімесін деп қараймыз. Өртүрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады.

Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ой-өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар:

Ойыншықтар театры – ең көп тараған түрі, бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакельдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды. Жіптің көмегімен бақарылатын қуыршақтарды – марионеткалар дейді. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтарды да қолдануға болады. Мұндай ойыншықтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айқастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігігіндей болады. Бала өзіне костюм, үлкен бетперде. Үлкен алақандар киеді, олар тірі қуыршаққа ұқсайды. Өздері қуыршақты жасауға болады. Оның негізі болып үш бұрышты орамалды алуға болады. Бір

бұрышын қуыршақтың басына, екі бұрыштарын резинка арқылы баланың саусақтарына бекітіледі. Қуыршақтың басына тесмалар қосады, ол қуыршақ пен жүргізушінің мойынына ілінеді. Бұл қуыршақтар балаларға әнмен, бимен, ойынмен көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады. Бұл балалардың өздерін еркін сезінуіне, өз күшіне сене білуге көмектеседі.

Саусақ театрында – саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң – солды ажыратады.

Үстел үстіндегі театры – сәбилер тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады.

Үстел үстіндегі қуыршақтар театрдың бірнеше түрі бар:

- әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар;
- таяқшадан жасалған театр;
- «киндер - театры»;
- магнит театры;
- «мочалка театры»;

- үстел үстіндегі кейіпкерді тоқымадан немесе крючокпен тоқуға болады (олар өздерінің формасын ұстағандай пластмас бутылкаларға кигізіп қояды);

- ағаш ойыншықтар, саздан жасалған ойыншықтар (дымковски ойыншықтар).

Суреттер (картиналар) театры – декорация мен кейіпкердің – суреттері. Олардың әрекеттері шектелген. Ойнаушының дауыс ырғағы (интонация) арқылы кейіпкердің мінез-құлқы беріледі. Кейіпкер әрекет барысында пайда болады, балалардың қызығушылығын арттырады.

Фланелеграф театры – суреттер мен кейіпкерлер экранда көрсетіледі. Оларды фланельдер ұстап тұрады. Мұндағы суреттерді балалар мен бірге ескі кітаптардан, журналдардан қиып алуға болады.

Көлеңкелі театр – жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең, әндерді көлеңке театры арқылы айтуға болады. Көлеңке театрдың қойлымын көрсетуге үш тәрбиеші қатысады. Біреуі мазмұнын оқиды, екеуі көріністі көрсетеді. Көлеңке театрдың сақанасы экран болады. Экранды ағаштан немесе қалың кардоннан жасайды, ою- өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін – оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен жуқа кардоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістері дамытады.

Мақсаты:

- Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту.
- Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.
- Театрлық іс – әрекетті, ертегілерді пайдалана отырып – ойын дамыту.

Міндеттері:

- Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын дамыту.
- Балаларды адамгершілікке баулу, нақты сөйлеуге, салмақты ой айтуға баулу.
- Баланың қиялын есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру.
- Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Театр, оның түрлері туралы түсініктері болады.
- Қазақ тіліндегі сөздік қоры молаяды.
- Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіріледі.

ПЕРСПЕКТИВТІК ЖОСПАР

№	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекілік-құралдар	Саны	
1	«Бауырсақ» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Фланелеграф, конус театры, қуыршақ театры, орамал, тақия, кейіпкерлердің атрибуттары	1	
2	«Бұл бауырсақ - кішкентай қу аң»	Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру.		1	
3	«Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін...»	Тілдерін жаттықтыру.		1	
4	«Бауырсақ» ертегісінің қойылымы	Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру.		1	
5	«Шалқан» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Фланелеграф, саусақ қуыршақ театры, үстел үстіндегі театр, кейіпкерлердің атрибуттары	1	
6	«Ата мен әжемде қонақта болғанда»	Шалқанды отырғызу кезінде айтылатын өлең шумағы арқылы балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту.		1	
7	«Осындай үлкен шалқан...»	Белсенді балаларды кейіпкерлердің рөлдерін эмоция арқылы көрсете білуге үйрету.		1	
8	«Шалқан» ертегісін сахналау	Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру.		1	
9	«Үш аю» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Сюжетті суреттер, қуыршақ театры, тақия, кейіпкерлердің атрибуттары	1	
10	«Қане досым, сөзге қосыл»	Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру.		1	

11	«Үшаюда қонақта»	Тілдерін жаттықтыру.		1	
12	«Үш аю»	Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру, ертегіні сахналау.		1	
13	«Үйшік» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы бала- лардың тілдерін дамыту.	Фланелеграф, куыршақ театры, кейіпкерлердің а трибуттары	1	
14	«Үйшік» ертегісі	Балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту.		1	
15	«Қәне досым, сөзге қосыл»	Белсенді балаларды Кейіпкерлердің рөлдерін эмоция арқылы көрсете біл уге үйрету.		1	
16	«Көз көруге тоймайды, құлақ ес туге жалықпайды»	Кейіпкерлердің рөлін атқару білуге дағдыландыру, ертегіні сахналау.		1	
17	«Түлкі мен қояндар» ертегісі	Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыру.	Конус театры, куыршақ театры, кейіпкерлердің атрибуттары.	1	
18	«Түлкі, түлкі, түлкішек»	Қимылды ойындар арқылы кейіпкерлердің рөлін айтып, белсенді балаларды таңдай отырып, қызығушылығын арттыру.		1	
19	«Қу түлкі мен қорқақ қояндар»	Ертегідегі қоян мен түлкінің сөздерін балаларға үйрету. Түлкі мен қояндар арасындағы диалог.		1	
20	«Түлкі мен қояндар»	Балалардың рөлді дұрыс ойнай білуін және сөздердегі әр дыбыстарды анық айтуларын қадағалау. Ертегіні сахналау.		1	
21	«Қоянның үйшігі» ертегісі	Ертегі мазмұнымен таныстырып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру.	Фланелеграф, куыршақ театры, кейіпкерлердің атрибуттары	1	

22	«Оқы да біл, ойна да күл»	Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету.		1	
23	«Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды»	Кейікерлердің сөздерін дұрыс айтуларын қадағалау және рөлдерін ретімен орындауға үйрету.	Ертегі суреттері, кейіпкерлердің атрибуттары	1	
24	«Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды»	Ертегінің мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс – әрекетіне қарап, әсерлі көңіл- күйін білдіре отырып сезіне білуге үйрету. Ертегіні сахналау.		1	
25	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі.	Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып тілдік қорларын байыту.	Фланелеграф, қуыршақ театры, кейіпкерлердің атрибуттары		
26	«Лақтарым менің, лақтарым менің....»	Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету.		1	
27	«Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге, сүт әкелді»	Ертегіге деген қызылушылықтарын арттыру.		1	
28	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі	Әр баланың өз рөлін дұрыс орындауын қадағалау. Ертегіні сахналау.		1	
29	«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі	Ертегінің мазмұнымен таныстыру.	Фланелеграф, кейіпкерлердің атрибуттары	1	
30	«Жібек сақалы бар, майға батырып алған басы бар»	Кейіпкерлердің рөлдерін бере отырып, балаларға сөздері мен қимыл – қозғалыстарын үйрету.		1	
31	«Сымбатты әтеш»	Балаларды ертегіні диалог бойынша орындауға үйрету.		1	
32	«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі	Ертегідегі кейіпкерлердің рөлін дұрыс орындауларын қадағалау, сахналау.		1	
33-	«Ертегі әлеміне	Өткен ертегілерді еске	Ертегі суреттері,	1	

34	саяхат»	түсіріп, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы білімдерін тиянақтау.	кейіпкерлердің атрибуттары		
35-36	«Ертегі елі жермен келе, жатыр!»	Ертегі кейіпкерлерінің жағымды – жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету.		1	

«ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНДЕ»

ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТТІҢ

ХРЕСТОМАТИЯСЫ



БАУЫРСАҚ

(орыс халық ертегісі)

... Ертеде шал мен кемпір болыпты. Бірде шал: – Бүгін маған дәмді бауырсақ пісіріп

берші, – дейді кемпіріне.

– Ұнның біткені қашан, бауырсақты неден жасаймын? – дейді кемпір.

– Қаптың түбін қағып, орнын сыпырсаң, біраз ұн да жиналып қалар, – депті сонда шал.

Кемпір қаптың түбін қағып, төгілгенін сыпырып, екі уыстай ұн жинайды. Оған қаймақ қосып, қамыр илейді. Содан соң оны майға қуырады. Піскен бауырсақты терезе алдына суытып қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезеден жерге

домалап

түсіп, кемпір мен шалдан қашып кетеді. Домалап келе жатып ол қоянды кезіктіреді.

Қоян бауырсаққа:

– Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін, – дейді.

– Мені жеме, қоян. Мен саған өлең айтып берейін:

– Мен бауырсақ, бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап,

Апам екі уыс ұн жинап,

Қаймақ қосып шылап,

Ыстық майға қуырып,

Терезеге қойып суытқан.

Мен атамнан қаштым,

Әжемнен да қаштым.

Ал сенен, қашу, қоян,

Қиын емес маған! – деп бауырсақ домалай жөнеледі. Қоян аңтан жолда

қалады.

Қояннан құтылған бауырсақ домалай, домалай

орманға жетеді. Ой ламаған жерден алдынан бір сұр қасқыр шыға келеді де:

– Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін! – дейді.

– Жемеші мені, қасқыр. Мен саған өлең айтып берейін, – деп ол әндете жөнеледі:

– Мен бауырсақ, бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап,

Апам екі уыс ұн жинап,

Қаймақ қосып шылап,

Ыстық майға қуырып,

Терезеге қойып суытқан.

Мен атамнан қаштым,

Әжемнен да қаштым.

Қояннан да қаштым.

Босқа тұрсам ұтылармын,

Қасқыр, сенен де құтылармын! – бауырсақ домалап кете барады. Қасқыр артта қалады. Сол домалаған қалпы ол қорбандаған аюға жетіп тіреледі:

– Бауырсақ, бауырсақ, мен қазір сені жеймін! – дейді аю ақырып.

– Токтай тұр, аю, одан да менің өлеңімді тыңда, – деп бауырсақ әндете бастайды:

– Мен бауырсақ, бауырсақ,



© RISUNCI.COM

Қаптың түбін қағып ап,
Апам екі уыс ұн жинап,
Қаймақ қосып шылап,
Ыстық майға қуырып,
Терезеге қойып суытқан.
Мен атамнан қаштым,
Әжемнен да қаштым.
Қояннан да қаштым,
Қасқырдан да қаштым.
Аюға келді кезек,

Одан да қашу керек! – деп жолын жалғастырады. Осылайша бауырсақ аюдан да құтылады. Аңқау аю ауызын ашып қала береді. Алаңсыз домалап келе жатқан

бауырсақ енді қу түлкіні кезіктіреді.

Бауырсақты көріп, қуанып кеткен түлкі:

– Амансың ба, бауырсақ! Өзің қызарып әдемі болып кетіпсің, – дейді қулана.

Бауырсақ мақтаныштан әнін бастап жібереді:

– Мен бауырсақ, бауырсақ,
Қаптың түбін қағып ап,
Апам екі уыс ұн жинап,
Қаймақ қосып шылап,
Ыстық майға қуырып,
Терезеге қойып суытқан.
Мен атамнан қаштым,
Әжемнен да қаштым.
Қояннан да қаштым,
Қасқырдан да қаштым,
Аюдан да қаштым,
Түлкі, қазір сенен
Оңай қашып кетем!

– Өнің жақсы екен, – дейді қу түлкі. – Бірақ мен қартайдым, құлағым дұрыс естімейді.

Тұмсығыма шығып, өлеңінді қайта айтшы, жақсылап тыңдап алайын.

Мақтау сөзге елпілдеп кеткен бауырсақ еш ойланбас тан түлкінің тұмсығына домалап

мініп, әндете жөнеледі.

– Мен бауырсақ, бауырсақ,

Қаптың түбін қағып ап ...

Сол-ақ екен, қу түлкі оны «ап» деп жеп қояды. Қарнын сипап бір тояды.

ҮШ АЮ

(орыс халық ертегісі)

Ертеде бір кішкентай қыз болыпты. Бірде ол орманға барып, адасып кетеді. Қайтар жолды іздеп жүріп, қалың ағаштар арасында тұрған ескі үйге кезігеді. Есігі ашық тұр. Қыз ішке кіреді. Бөлмеде ешкім көрінбейді. Бұл үйде үш аю тұратын. Ең үлкені, әкесі – Михаил Иванович, одан кейінгісі, шешесі – Настасья Петровна және олардың баласы – кішкене қонжық. Үшеуі бұл кезде орман аралап, серуендеп кеткен.

Бөлме ортасында үлкен ағаш үстел мен үш орындық тұр. Үстел үстіне ас құйылған үш ыдыс қойылған. Олардың біріншісі – үлкен табақ, екіншісі – орташа табақ, үшінші – кішкене көк табақ. Әр ыдыстың қасында қасықтары жатыр. Қыз ең үлкен қасықты алып, үлкен ыдыс тағы тағамның дәмін татады. Астың дәмі ұнамайды. Содан кейін орташа қасық пен екіншісін, кішкене қасықпен үшіншісін көреді. Бәрінен де оған көк табақтағы ас ұнады.

Қыздың қарны аш еді. Енді ол отырып тамақтану үшін өзіне орындық тандайды. Ең үлкен орындық – Михаил Ивановичтікі, одан кішірегі – Настасья Петровнакі, ал үшіншісі – қонжықтікі. Кішкентай қыз ең үлкен орындыққа шығып, одан құлап түседі. Ортаншысына мініп еді, ыңғайсыз көрінеді. Көңілінен шыққан тек үшінші орындық болады. Қыз қонжықтың орындығына отырып, көк табақтағы тамақты ішіп алады. Қарны тойған ол кішкентай орындықты ары-бері шайқап ойнайды. Ақырында оны сындырып, өзі жерге құлайды. Қолымен қонжықтың қасығын қағып

жібереді. Қасық ұшып барып, бұрышта тұрған сандықтың астына кіріп жоқ болады.

Қыз орнынан тұрып, келесі бөлмеге кіреді. Бұл жерде үш төсек бар екен. Ең үлкені – Михаил Ивановичтікі, ортаншысы – Настасья Петровнакі, ал үшіншісі қонжықтікі. Қыз ең үлкен төсекке шығады. Бұл оған тым үлкендік жасайды. Одан түсіп, ортаншысына жатады. Ол биік көрінеді. Ыңғайлы болғаны – үшінші төсек.

Қатты шаршаған қыз осы қонжықтың орнына жатып, тәтті ұйқыға батады.

Бұл кезде орманды аралап шаршаған әрі қарындары ашқан аюлар үйлеріне оралған еді. Ішке кірген олар алдымен тамақтанбақшы болады.

Ең үлкен аю өз табағына қарап, жуан дауысымен: – Менің ыдысыма тиіскен кім?! – деп ақырады.

Настасья Петровна да ыдысына қарап: – Менің табағымды орнынан қозғалтқан кім?! – дейді ашуланып.

Кішкене қонжық жіңішке дауысымен: – Менің тамағымды мүлдем ішіп қойыпты, – дейді көк табақты қолына алып.

Үлкен аю енді үлкен қасығын ұстап: – Менің қасығымда тиіскен кім?! – деп ақырады жуан дауысымен.

– Менің қасығымды орнынан қозғалтқан кім? – дейді Настасья Петровна.

Қонжық жіңішке дауысымен: – Ал менің қасығым жоқ, – дейді жан-жағына қарап.

Михаил Иванович: – Кім менің орындығымды қозғалтқан? – дейді зор дауысымен.

Настасья Петровна болса: – Ал менің орындығымда отырған кім? – дейді.

Оның дауысы үлкен аюға қарағанда жайырақ шығады.



– Менің орындығымды біреу тіпті сындырып тастапты, – дейді қонжық жыламсырап.

Аюлар ішкі бөлмеге кіреді.

– Менің төсегіме жатқан кім?! – дейді Михаил Иваныч ақырып.

– Ал менің төсегіме шыққан кім? – дейді Настасья Петровна басын шайқап.

– Ой, менің төсегімде біреу жатыр, – дейді қонжық таң қалып.

Аюлар қонжықтың төсегіне жақындайды. Маужырап ұйықтап жатқан кішкентай қызды көреді де, үшеуі жамырап:

– Қара мұны!

– Ұстандар! Ұстандар!

– Ұста оны! – деп айғайға басады.

У- шудан оянып кеткен қыз жанында тұрған үш аюды көреді. Қатты қорыққан ол ашық тұрған терезеден жерге секіріп түседі. Алды-артына қарамай қаша жөнеледі. Қызды ұстай алмаған Михаил Иваныч, Настасья Петровна мен қонжық үшеуі артта қалады.

ТҮЛКІ МЕН ҚОЯНДАР

Әуелде түлкінің құйрығы жоқ еді. Құйрығының жоқтығы оған бек қатты залал келтірген, өйткені жүрген ізін жасыра алмайды. Әрдайым түлкінің артына түсіп аңдып жүріпті. Бір күні қасқыр барып оның ініне кіреді. Егерде түлкі інінің басқа жағындағы аузынан шығып кетпесе өлтіріп тастар еді.

Әлден соң түлкі ағаш ішіне кіріп кетіп, ағаштың түбінде тұрған қоянды көреді. Ол мезгілде қояндардың құйрығы ұзын болып, шапшаң жүргендеріне ыңғайсыз болып тұрушы еді. Сол жерде түлкі қоянды ұстап алып, өлтірмекші болып жатқанда қоян сұрайды:

- «Мені өлтірме, саған құйрығымды берейін», деп уәде қылады.

Мұнысына түлкі көніп, екеуі сол жерде құйрықтарын айырбастапты.

Сонан бері түлкінің құйрығы ұзын болып, қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.



ҮЙШІК

Бұл орманда болған оқиға еді. Ашық алаңқайда кіп-кішкентай ескі үйшік тұрған. Бірде оны қасынан жүгіріп өтіп бара жатқан тышқан көреді. Тышқан тоқтап:

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп сұрайды. Ешкім жауап қайтармайды. Тышқан бос үйшікке кіріп, осында тұрып жатады. Біраз уақыттан кейін үйшіктің маңына секіріп бақа келеді.

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар?

– Мен тықырлауық тышқанмын! Ал сен кімсің?

– Мен бақылдауық бақамын. – Кел, бірге тұрайық.

Бақа «бақ-бақ!» деп бақылдап, үйшікке секіріп кіреді. Тышқан екеуі тіл табысып, бірге тұрады.

Енді үйшік қасына ытқып-ытқып қоян жетеді.

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп сұрайды.

– Мен тықырлауық тышқанмын!

– Мен бақылдауық бақамын. Ал сен кімсің?

– Мен қорқақ қоянмын!

– Кел, бірге тұрайық.

Қоян да үйшікке кіреді. Осылай үшеуі бірге өмір сүре бастайды.

Алыстан бұл үйшікті түлкі көреді. Ақырын басып жақын келіп, терезесін қағады да:

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп сұрайды.

– Мен тықырлауық тышқанмын!

– Мен бақылдауық бақамын.

– Мен қорқақ қоянмын! Ал сен кімсің?

– Мен қу түлкімін!

– Кел, бірге тұрайық.

Үйшіктен түлкіге де орын табылды. Достар енді төртеу болды.

Үйшікке тілі салақтап, айналасына алақ-жұлақ қарап қасқыр жетеді. Ол есікті қағып, қырылдаған дауысымен:

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп сұрайды.

– Мен тықырлауық тышқанмын!

– Мен бақылдауық бақамын.

– Мен қорқақ қоянмын!

– Мен қу түлкімін! Ал сен кімсің? – Мен сұр қасқырмын!

– Кел, бірге тұрайық.

Қасқыр қысыла-қымтырыла ішке кіреді. Әйтсе де кіп-кішкентай үйшікке бесеуі де сыйып кетеді. Барлығы қосылып, ән айтады. Тату-тәтті өмір сүреді.

Бір күні жидек теріп жүрген аю үйшік тұрғындарының салған әнін естиді. Ол үйшікке жақын келіп, бар дауысымен:

– Сүп-сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар? – деп ақырады.

– Мен тықырлауық тышқанмын!



- Мен бақылдауық бақамын.
- Мен қорқақ қоянмын!
- Мен қу түлкімін!
- Ал мен болсам, сұр қасқырмын!
- Ал сен кімсің?
- Мен қорбаңбай аюмын!
- Кел, бірге тұрайық.

Аю ары-бері тырбындап үйшікке кірмекші болады. Бірақ оның басы енгенімен, денесі сыймайды. Амалы таусылған аю:

- Ендеше мен үйшіктің шатырына шығып тұрайын, – дейді.
- Жоқ, сен дәусің! Сені кішкентай үйшігіміз көтере алмайды. Қиратасың ғой, – деп шырылдайды іштегілер. – Қорықпандар, түк те болмайды, – деп аю олардың сөздеріне құлақ аспайды.

Кіп-кішкентай үйшіктің тұрғындары амалсыздан келіседі. Аю қорбаңдап үйшіктің төбесіне шығады. Сол-ақ екен, ескі үйшік сықырлап, шашылып қалады. Тықырлауық тышқан, бақылдауық бақа, қорқақ қоян, қу түлкі, сұр қасқыр – барлығы аман-есен үйшіктен шығып үлгереді.

Аюға олар ренжімейді. Қайта барлығы бірігіп, бөренелерді тасып, тақтайларды сүргілеп, жаңа үйшік тұрғызуға кірісіп кетеді. Осылайша, достар өздеріне әп-әдемі, жап-жаңа үйшік соғып алыпты.

ШАЛҚАН

(орыс халық ертегісі)



... Баяғы бір заманда шал мен кемпір болыпты. Олардың бақшасы бар екен. Бірде шал шалқан отырғызады. Шалқан үп-үлкен боп өседі. Бір күні шал шалқанды жерден суырып алмақшы болады. Ары тартады, бері тартады. Бірақ шалқанды шығара алмайды. Шал көмекке кемпірін шақырады. Кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Бірақ орнынан қозғалта да алмайды. Кемпір көмекке немере қызын

шақырады. Немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Тағы да суырып шығара алмайды. Немере қызы итін шақырады. Ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Шалқанды суыра алмайды. Енді ит көмекке мысықты шақырады. Мысық иттің құйрығынан, ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, арыжұлқиды, бері жұлқиды. Шалқан шықпайды. Мысық болса, тышқанды шақырады. Тышқан келіп мысықтың құйрығынан, мысық иттен, ит немересінің етегінен, қыз кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстайды. Олар тарта-тарта ақыры шалқанды суырып шығарады

ҚОЯННЫҢ ҮЙШІГІ

(орыс халық ертегісі)

Орманда түлкі мен қоян өмір сүріпті. Түлкінің үйшігі мұздан, ал қоянның үйі ағаштан болыпты.

Көктем келіп, күн жылынғанда түлкінің үйшігі, әрине бірден еріп кетті.

Бойы мұздаған түлкі қоянға келеді. -Қоян, қоян! Мені кіргізші, жылынып алайын!

Жылпос түлкі осылай алдап-сулап, аңқау қоянның үйшігіне кіріп алып, ақыры оны үйінен қуып шығады.

Қоян жылап келе жатып, иттерге кезігеді.

-Қоян, қоян! Не болды саған? Соншалықты қамығып кетіпсің ғой?

-Қалай жыламаймын? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды. Енді міне, баспанасыз тентіреп жүргенім...

-Жылама! Біз ол оңбағанды қазір-ақ қуып шығамыз.

Иттер жиналып, қоянның үйіне келеді.

-Аф, аф, аф! Әй, түлкі, шық қане! Босат, қоянның баспанасын!

-Аха! Шықсам шығайын! Бірақ, мен далаға шықсам, сендерге жақсы болмайды ғой! Барлығыңды быт-шыт қыламын!-деді түлкі қорқытып. Иттердің үрейі ұшып кетті. Басы аманда қашып құтылуды ойлап, тайып тұрады. «Үйі жоқтың – күйі жоқ» деген. Қоян қаңғи-қаңғи шаршап, тағыда жылай бастайды. Алдынан аю шығады.

- Қоян-ау, не болды. Сонша неге жылайсың?

- Жыламаған да қайтемін? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.

- Жылама! Мен оны қуып шығамын.

- Жо-оқ! Қуып шыға алмайсың. Иттерде қуып шыға алмады.

- Көресің, қуып шығамын.

- Аю үйшіктің алдына келіп:

- Түлкі, шық! Босат қоянның үйін! – деп ақырады.

- Түлкі болса пеш үстінен:

- Шықпаймын! Шықсам саған жаман болады! Быт-шытыңды шығарамын! – деп қорқытты. Аюдың үрейі ұшып кетті. Басы аманда қашып құтылуды ойлады.

Амалы құрыған қоян тағыда жылай бастады. Қараса, жанынан алтын айдарлы этеш өтіп барады. Қолында күмістей жарқыраған шалғысы бар.

- Қоян, қоян! Неге жылап отырсың?- деп сұрады.



- Жыламай қайтейін? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.

- Жылама! Мен оны қазір қуып шығамын!

- Жо-жоқ! Қуып шыға алмайсың! Иттер қуды, қуа алмады. Аю қуды, қуа алмады. Сенде қуа алмайсың!

- Жүр, көрерсің! Қуамын!

- Екеуі үйшік жанына келді. Әтеш қатты дауыстап өлең айта бастады.

- Шөп шабамын, шөп шабамын! Түлкіні іздеп табамын. Қоянның үйінен шықпаса, оны да шалғынша шабамын!

Түлкі қорқып кетіп: Киініп жатырмын», - дейді.

-Шөп шабамын, шабамын! Түлкіні іздеп табамын. Қоян үйінен шықпаса, оны да шалғынша шабамын! - деп әтеш қайта әндете бастайды.

Түлкі сасқалақтап: «Қазір-қазір, тонымды киіп жатырмын!» - дейді.

Әтеш әнін үшінші рет қайталай бастайды. Түлкінің зәресі ұшып кетеді.

Аман – сауында зыта жөнеледі. Сөйтіп, қоян ержүрек әтештің көмегімен қайтадан өз үйінде тұра бастайды.

ҚАСҚЫР МЕН ЖЕТІ ЛАҚ

Ертеде бір ешкінің жеті лағы болыпты. Біреуі қара, қалғандары ақ лақ екен. Орманға баруға жиналған ешкі лақтарын шақырып алып, ақылын айтады:

- Шырақтарым-лақтарым,

Ешкімге есік ашпандар!

Орманда қасқыр жүр.

Мен келгенде:

«Шырақтарым-лақтарым,

Аналарың келді,

Сендерге сүт әкелді!

Қорықпандар, лақтарым,

Маған есік ашыңдар!», - деп әндетемін.

Осы кезде терезе сыртында тұрған қасқыр оның сөзін естіп қалады. Ешкі кетісімен қасқыр есікті қағып, өзінің жуан дауысымен оның әнін айтады. Бірақ лақтар оның бөтен дауыс екенін біліп, есікті ашпайды.

Қасқыр саудагерге барып бор сатып алды. Бордың бір кесегін жегенде даусы аздап жіңішкерді. Осы дауыспен қасқыр келіп:



- Шырақтарым-лақтарым,

Аналарың келді,

Сендерге сүт әкелді!

Қорықпандар, лақтарым,

Маған есік ашыңдар!, - ән айтып еді, лақтар тағы алданбады.

Қасқыр ұстаға барып, өзіне тамақ жасатып алды – даусы ешкінікі сияқты жіңішке болып шықты. Қасқыр тағы ешінің үйіне келеді де:

- Шырақтарым-лақтарым,

Аналарың келді,

Сендерге сүт әкелді!

Қорықпандар, лақтарым,

Маған есік ашыңдар!, - әнін бастайды. Бірақ жаңа дауыстың да көмегі болмады –

лақтар аяғын көріп қойып, ашпай қойды.

Қасқыр жылдам наубайшыға барып, аяғына себетін ұн сатып алды. Қасқыр есік алдына қайтіп келді, ақ аяғын лақтарға көрсете созып тұрып:

- Шырақтарым-лақтарым,

Аналарың келді,

Сендерге сүт әкелді!

Қорықпандар, лақтарым,

Маған есік ашыңдар! - деп әнге басты.

Лақтар сеніп есік ашты! Қасқыр үйге кіріп келгенде лақтар жан-жаққа қашып, тығылып қалды. Қасқыр олардың бәрін де тауып, жеп қойды. Тек біреуін ғана

байқамай қалды ол сағаттың артына тығылған еді. Қарны тойған қасқыр ағаш көлеңкесіне жата кетіп ұйқыға кірісті.

Ұзамай ешкі үйіне оралды. Есікті итерсе, есік ашық тұр. Ешкі үйге кіріп, лақтарын шақырады. Аман қалған лақ қарсы шығып, болған жайды айтып береді. Ешкі мен лағы үйдің артына шығып қараса, қасқыр көгалда шалқасынан түсіп қорылдап жатыр екен. Ешкі мүйізімен қасқырдың қарнын жарып жібергенде алты лақ шыға келеді. Бәріде аман-есен. Ешкі мен лақтардың қуанышында шек болмады.

Қасқыр оянбай тұрғанда ешкі оның қарынын таспен толтырып, қайта тігіп қояды. Шөлдеген қасқыр су ішпек болып құдыққа барады. Сол кезде ішіндегі ауыр тастар оны төмен тартып, қасқыр құдыққа құлады да, батып кетті.

АЛТЫН АЙДАРЛЫ ӘТЕШ

Ертеде мысық, барылдауық торғай және бір алтын айдарлы әтеш дос болыпты. Олар орманда, бір үйде тұрыпты. Мысық пен барылдауық торғай орманға отынға барады, әтешті үйде қалдырады. Кетіп бара жатып айтып кетеді: —Біз алысқа кетеміз, сен үйде қаласың. Бірақ үйден шықпа, түлкі келетін болса, терезеге жақындама.

Әтештің үйде жалғыз екенін естіген түлкі келіп, терезенің түбіне отырып әнін бастайды:

—Алтын айдарлы әтешім,
Майлы басты әтешім,
Жібек сақалды әтешім,
Терезеге қарашы,
Менен бұршақ алшы.

Әтеш басын шығарып қарады, сол кезде түлкі әтешті мықтап ұстап алып, өзінің ініне қашты. Әтеш бар дауысын салып айқалады:

— Қара орманға,
Ағынды өзенге,
Биік тауларға,
Түлкі алып барады,
Құтқарыңдар мені!

Мысық пен барылдауық торғай естіп қалып, түлкіні қуып жетеді де әтешті алып қояды.

Келесі жолы мысық пен барылдауық торғай орманға отынға барады. Әтешке тағы айтады:

— Біз осы жолы алысырақ кетеміз, сенің дауысыңды естімейміз. Сен терезеге қарама.

Олар отынға орманға кетті, ал түлкі тағы келіп өзінің әнін айтты:

— Алтын айдарлы әтешім,
Майлы басты әтешім,
Жібек сақалды әтешім,
Терезеге қарашы,
Менен бұршақ алшы.

Әтеш дыбысын шығармай отыр. Ал түлкі тағы әнін бастады:

— Балалар жүгіреді,
Бидай шашылады,
Тауықтар шұқиды,
Әтешке бермейді..

Әтеш шыдамай басын шығарып:

— Ко-ко-ко! Қалай бермейді?

Түлкі тағы да әтешті ұстап алып, сол кезде түлкі әтешті мықтап ұстап алып, өзінің ініне қашты. Әтеш бар дауысын салып айқалады:

— Қара орманға,
Ағынды өзенге,
Биік тауларға,
Түлкі алып барады,
Құтқарыңдар мені!



Мысық пен барылдауық торғай естіп қалып, түлкінің соңынан түседі. Мысық жүгіріп барады, барылдауық торғай ұшып барады... Қуып жетіп— әтешті тартып алады.

Біраз уақыт өткен соң, мысық пен барылдауық торғай отынға орманға жиналады. Кетерде әтешке тағы қатал түрде тапсырады:

— Түлкі келсе оны тыңдама, терезеден қарама, біз ары қарай алыс кетеміз, сені естімейміз.

Сонымен мысық пен барылдауық торғай орманға кетеді. Сол кезде түлкіде келіп, әнін бастйды:

—Алтын айдарлы әтешім,
Майлы басты әтешім,
Жібек сақалды әтешім,
Терезеге қарашы,
Менен бұршақ алшы.

Әтеш дыбысын шығармай отыр. Ал түлкі тағы әнін бастады:

— Балалар жүгіреді,
Бидай шашылады,
Тауықтар шұқиды,
Әтешке бермейді...

Әтеш дыбысын шығармай отыр. Ал түлкі тағы әнін бастады:

— Адамдар жігірді,
Жаңғақтар шашылды,
Тауықтар шұқиды,
Әтешке бермейді...

Әтеш шыдамай басын шығарып:

— Ко-ко-ко! Қалай бермейді?

Түлкі тағы да әтешті ұстап алып, сол кезде түлкі әтешті мықтап ұстап алып, өзінің ініне қашты, қара орманға, ағынды өзенге, биік тауларға...Қалай әтеш айқаласады, көмекке шақырсады — мысық пен барылдауық торғай оны естімеді.

Үйге қайтып келгенде — әтеш үйде жоқ екен. Мысық пен барылдауық торғай түлкінің ізімен жүгіре жөнелді. Түлкінің ініне жүгіріп келді. Мысық өзінің аспабын күйіне келтіріп, әндете бастады:

—Трень, брень, гуслиі,
Алтын ішектері...

Түлкі бикеш бар ма,
Өзінің жылы үйінде ме!

Түлкі тыңдап-тыңдап, ойлады:


— Көрейін, кім ол сонша жақсы ойнап, тәтті ән айтып отыр.

Түлкі інінен шығып еді. Сол кезде мысық пен барылдауық торғай оны ұстап алды — ұрып-соқты. Түлкі зорға құтылып кетеді.

Әтешті себетке отырғызып, түлкіден қорғап, әтешін алып қайтады.

Содан бері бәрі тату, бақытты ғұмыр кешеді.


КӨРНЕКІЛІКТЕР



Ослик сунул голову в ведро:

- Ты что?! Смеешься?! Это же головастики!



















Түркістан облысы Шұбарсу елді мекені

«Бал-бөбек» бөбекжай балабақша

Бекітемін:

«Бал бөбек» бөбекжай балабақша

ЖШС меңгеруші:



2020-2021 оқу жылы

«Жасұрпақ» МАД тобы

Вариативтік компонент

«Ұлттық ойын»

«Бал-бөбек» балабақшасы

«Ұлттық ойын» авторлық
бағдарламасының
(вариативтік)
тақырыптық-күнтізбелік
жоспары

Тәрбиеші: Сейткеримова Сәндігүл

2020-2021 оқу жылы

Түсінік хат

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын – баланың, бүкіл балалар коллективінің дамуында басты роль атқарады. Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған. Жинақтағы ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні зор. Мектепке дейінгі мекемеге әдістемелік құрал болып табылады.

Алғы сөз

Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс-әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай-ақ заман ағымына да белсене қатысады.

Аса көрнекті үздік педагог Н.К.Крупская қимылды ойын жөнінде былай деп толғанады: «Ойын – өсіп келе жатқан бал организмнің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шындала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шындалады». Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Бір-ақ мысал келтіріп кетейін: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ маторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады.

Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз.

«Ұлттық ойын» вариативті сабағының тақырыптық жоспары
Аптасына 1 сағаттан, барлығы 32 сағат

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1	Күш сынаспақ	1		
2	Тауық күрес	1		
3	Арқан тарту	1		
4	Хан «алшы»	1		
5	Көтермек	1		
6	Орамал тастамақ	1		
7	Орамал тастамақ	1		
8	Ақсерек-көксерек	1		
9	Қыз қуу. Асау мәстек	1		
10	Түйілген орамал	1		
11	Соқыр теке	1		
12	Әуе таяқ	1		
13	Қара құлақ	1		
14	Алақан соқпақ	1		
15	Атқаума	1		
16	Сақина жасыру	1		
17	Белбеу соқ	1		
18	Арқан түю	1		
19	Допты қуып жет	1		
20	Тышқан мен мысық	1		
22	Түлкі мен балапандар	1		
23	Боран. Ұйқыдағы аю	1		
24	Ат жарыс	1		
25	Қуыр-қуыр қуырмаш	1		
26	Үш табан.	1		
27	Хан талапай	1		
28	Аударыспақ. Теңге ілу	1		
29	Санамақ.	1		
30	Тасымалдау. Қарамырза	1		
31	Айдапсал.	1		
32	Белбеу соқ.	1		
33	Асау көк. Орын тап.	1		
34	Тасымақ	1		
35	Бөрік жасырмақ.	1		
36	Шертпек.	1		

Күш сынаспақ

Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тірек қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді.

Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.

Тауық күрес.

Балалар екі топқа бөлінеді. Осы екі топтан екі бала шығып, кәдімгідей күреседі. Оның ең қызығыда, басқаша күрестен айырмасы да – тек жалғыз аяғымен ақсандай жүріп, иықтарын қағып күресуінде. Бұл күрес балалардың нық басып, орнықты жүруін жетілдіреді. Күресушінің 1 аяғын тізесін бүгіп, мата белбеуін байлап тастайды. Қайсысы сүрініп жығылса, сол ұтылады.

Арқан тарту.

Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады.

Қай топ арқанды өз жағына тартып алып, кетсе сол топ жеңіске жетеді.

Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

Хан «алшы»

Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы.

Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.

Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.

Көтермек

Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.

Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.

Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де, басқа балалармен бірге күш сынасады.

Орамал тастамақ

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы (тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек.

Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Ақсерек-көксерек.

Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

- 1-ші топ. Ойынды бастайды
Ақсерек-ау ақ серек
Бізден сізге кім керек.
- 2-ші Ақсерек –ау ақ серек
Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

Қыз –қуу

Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.

Асау мәстек

Ойын бастаушы арқанды жерден 50 см –дей биік етіп керіп байлайды да қасындағы балаларға
Былай дейді.

Ер екеніңді білейін
Ешкі сойып берейін
Тақия алсаң еңкейіп
Құламасаң теңкейіп
Ерлігіңе сенейін

Ойын шартын қабылдап , ортаға шыққан бала:

Асау мәстек бұл болса

Үйретейін көріңіз

Маған таяқ беріңіз!- дейді де, таяқпен арқаннан асылып жердегі тақияны іліп алуы керек. Ойынды келесі бала осылай жалғастырады.

Түйілген орамал

Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.

Соқыр теке.

Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.

Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ

Қайда кеткен құлыншақ

Соқыртеке бақ-бақ

Мені ізден тап-тап

Деп тақпақтайды.

Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылайын жалғаса береді.

Әуе таяқ

Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да, бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады. Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.

Қара құлақ

Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап бірте-бірте жақындай түседі. Таяп келіп мынау кім? –деп бір-бірінен сұрасады. Біреуі ойбай бұл қарақұлақ қой!- деп қаша жөнеледі. Қалғандары да –қарақұлақ, қара құлақ!-деп бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстау үшін тұра қуады. Ұсталған бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады.

Алақан соқпақ

Ойынға қатысушы балалар үйге немесе оңаша жерге жиналады да, дөңгелене отырады. Орталарынан бастаушы белгілейді. Оған сүлгі (орамал) беріледі. Бастаушы шеңбер ішін айнала жүріп біреуге –Алақанды тос!-дейді. Ол тосқан кезде бастаушы оның алақанына сүлгіні тигізіп -Сүлгі қайда?- деп сұрайды. Сонда ойыншы «анада» -деп бір баланың атын атайды. Аты аталған ойыншы орнынан тұрып алақанын тосады. Бастаушы-сүлгі қайда?- деп атын айтады. Ойын осы ретпен жалғаса береді. Жақсы өлең айтып ән салғандар ұпай жинайды.

Атқаума

Ойынды 6 бала 3-3-тен бөлініп ойнайды. Бір бала сол қолымен өзінің оң қолының білезігінен ұстайды. Содан кейінгілері де солай істейді де, бір-бірімен қолдарын айқастырады. Үшінші бала көзі таңулы күйде екінші баланың айқасқан қолына отырады. Қолдасып тұрған балалар: -Атқаума, атқаума –деп қаумалай көтерген бойы мөлшерлі жерге дейін жетеді. Бірінші бала ақ сандық, көк сандық десе, көзі таңулы бала -көк сандық, көк сандық деп жауап береді. Қаумалап келе жатқан балалар :

Бақа,бақа балпақ
басың неге жалпақ?
Бұтың неге талтақ
Көзің неге тостак

Бұған көзі таңулы бала былай деп жауап береді.:-

Темір терсек көп киіп
Басым содан жалпақ
Теуіп , теуіп қашырды
Бұтым содан тостак!

Балалар қолдарын жіберген кезде бала құлап түссе, айып тартады. Құламай тік түссе қалған текі бала көтеріп жүре береді.

Сақина жасыру

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Белбеу соқ

Ойыншылар екі-екіден жұптасып шеңбер жасап тұрады. Бір белбеуді алып екіншісін қууға тиіс. Қашып жүрген бала шеңбердегі жұптасып тұрған екі баланың алдына келіп тұрады. Артық қалған үшінші бала қаша жөнеледі. Ойыншы оны қуып жетіп белбеумен соғады да, өзі де бір жұптың алдына тұра қалады. Оның орнына келесі ойыншы шығып, ойынды жалғастыра береді. Белбеу ең соңында кімде қалса сол ойыншы жеңіліске ұшырайды да өз өнерін көрсетеді.

Арқан түю.

Балалар шеңбер жасап тұрады. Қолында арқаны бар жүргізуші топ арасынан шығады да: ойын басталды –деп дауыстайды. Сонан соң арқанның түйілмеген басын ұстап шеңбер бойымен айналады, арқанды балалардың аяқтарының астынан жібереді. Балалар арқан үстімен секіріп тұрады. Кімде-кімнің аяғына арқан ілініп, секіре алмай қалса, ол бала ойынды тоқтатып өнер көрсетеді, тақпақ, өлең айтады немесе билеп береді. Ойын осылай жалғаса береді.

Допты қуып жет

Ойын мақсаты: балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға, тез жүгіруге, түсетерін, көлемін ажырата білуге баулу.

Ойынның шарты: бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады. Тәрбиеші доптарды себетке салып алып, балалардың алдына домалатып жібереді. «Допты қуып жет» деген белгі бойынша, балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек.

К/құралдар: түрлі-түсті, үлкен-кішілі доптар.

Тышқан мен мысық

Ойын мақсаты: балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету.

Ойын шарты: Бұл ойынға топ балалары бәрі тегіс қатыса алады. Балаларды (қақпа қалың) дөңгелене тұрғызып, ортаға тәрбиеші көмегімен тышқан мен мысық сайланады. Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек. Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін, қақпадан тышқанды шығарып жіберіп мысықты шығармауға тырысады.

Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық керек. Мысық тышқанды ұстап алса, ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді.
К\құралдар: мысық, тышқан бетперделері.

Түлкі мен балапандар

Ойын шарты: Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы «түлкі» етіп сайлап, қалған балаларды балапандар деп әрқайсысына бетперде кигізіп ойын ойналады. Ойында балапандар түлкі кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс.

К\құралдар: түлкі мен балапандар бет перделері.

Боран

Бұл үлкен кең залда болады. Бұл ойынға қажетті заттар «боран» киімі (ақ түсті бет перде, гимнастикалық қабырға болуы тиіс).

Ойын шарты: ойынға 8-10 бала қатыса алады. Бір баланы боран киімін кигізіп, қалған балалар боран алып кетпеуі үшін, «Боран у-у-у» деп келе қалғанда гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығуы керек. Боран соғып балаларды бір айналып өтеді. Ұсталып қалған баланы, боран алып кетеді. Ойын 2-3 рет қайталанып ойналады. К\Құралдар: Боран киімі ақ матадан тігілген жамылғы бетперде.

Ұйқыдағы аю.

Бұл ойынға топ балалары 2-ге бөлініп қатысады.

Ойын шарты: Топ ішіндегі бір баланы аю бетпердесін кигізіп орындыққа отырғызып қояды. Балалар орманда серуендеп келе жатып, ұйқыдағы аюды көреді. Аю болса балалардың шуылынан (дыбысынан) оянып кетіп, балаларды қуа жөнеледі. Ұстап алған баланы өз мекеніне отырғызып қояды. Ойын қайта жалғаса береді.

К\Құралдар: Аю бетпердесі.

Ат жарыс

Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.

Ойын шарты: Балалар тәрбиешінің «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады.

Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету.

К\Құралдар: Екі командаға аттың кескін бетпердесі.

Үй артында қол ағаш

Ойынды топ бала болып ойнайды.

Ойын тәртібі: қатысушылар бірінің қолынан бірі ұстап дөңгелене тұрады. Ойын бастаушы не белбеу, не орамал алады да, дөңгеленіп тұрған топтың сыртын айнала жүгіріп былай дейді.

Үй артында қол ағаш

Желбау тартам , есік аш,- деп бірнеше қайталанады. Дөңгелене тұрған балалар:

Үй артында қол ағаш

Жел кірмесін, ескі аш- деп бірігіп жауап қайтарады. Тұрған балалар ұтасқан қолдарын ажыратпайды. Ол-есік ашпағанның белгісі.

Енді: Үй артында қол ағаш

Жел бау тартам есік аш- деп жүгіріп жүрген бала өзі артындағы баланы артына орамалмен бір соғып қалады да, орамалды сол балаға тастай сала:

Үй артында қол ағаш

Озам десең ала қаш- деп өзі сол бетімен жүгіре береді. Осының боларын біліп, әзір тұрған бала да «Қол ағашты ала сала, әлгі балаға қарма-қарсы жүгіреді. Бұл кезде дөңгелене тұрған балалар:

Үй артында қол ағаш,

Қол ағаштан ала қаш

Бұрын келген балаға

Тездеп барда есік аш,- деп барлық бала хормен айтады.

Қуыр-қуыр қуырмаш.

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға:

-Ортаңғы саусағымды тапшы,- дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортаңғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап береді: басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 саусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар,

Сен тұр түйеңе бар,

Сен тұр жылқыңа бар,

Сен тұр сиырыңа бар,

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:

Қуыр-қуыр, қуырмаш

Балапанға бидай шаш

Әжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас.

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Осыларды істеп бола беріп:

-Мына жерде қой бар,

Мына жерде жылқы бар,

Мына жерде жылқы бар,

Мына жерде түлкі бар - деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды.

Үш табан

Бұл ойынды үш-төрт баладан топтап екі-үш жерде ұйымдастыруға болады. Ойын шарты бойынша әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. (Бұл ойынның жылдам әрі қызықты өтуіне сеп). Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) «ұшуға» кіріседі. Ұшу дегеніміз-көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіру. Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атуға жолдама алады. Осылай болмаған жағдайда асқ ату бәрі ұшып болған соң бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншыны қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі бәсекелесіне кезек беруіне мәжбүр болады.

Ереже бойынша ұтылған бала ойыннан шығып қалады. Сөйтіп, айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық (финал) сайысқа түседі. Бұл шешуші жарыста бірінші және екінші орынға ие болған мергендерге арнаулы жүлделер тапсырылса нұр үстіне нұр.

Хан талапай.

Бұл отырып ойналатын, негізінен қыз балаларға арналған ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асықтардан ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт бір-бірден асық үйірісудің қорытындысы бойынша ойыншылар кезектерін бөліседі. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға үйіруі керек. Қалған ойыншылар андысын аңдап өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» қадалады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады.

Хан алшы түспеген жағдайда үйірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысымен-алшысын тәйкесімен мен тәйкесін бір-біріне соғып, кенейлер бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе, немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды.

Межелі ұпай санын (100 не 50 немесе 80-40) ойын жүргізуші алдын ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады.

Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орыннан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде-бір асық тимеуі керек. Себебі ол – хан.

Аударыспак

Қазақтың кәдімгі ұлттық ойын спорт ойыны. Қарапайым бөренеден «ағаш ат» жасаудың еш қиындығы жоқ. Екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай) ұзындығы 70-80 сантиметрдей бір –біріне қапталдас орыналасқан «ағаштардың» ара қашықтығы екі жақтан созылған қол ерін жектетіндей болса жеткілікті. Оларға мінген «шабантоз» балалар бір-біріне қарама қарсы отырып қол ұсасады. Төрешінің белгісімен бірі-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын «ағаш аттан» аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Ойын шарты бұзылады. Ағаш аттан құлағанда айналасына құм немесе ағаш үгінділері төселуі керек.

Теңге ілу.

Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді.

Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан тас салынады. Содан екі топтан екі сабыскер шығады.сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды.

Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

Санамақ

Көпшілік қатысады. Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады. Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай, кідірмей аттап жүріп айтуы керек. Тоқтамай қателеспей айтып шықса, жүлде алады. Егер қателессе ойыннан шығады. Мысалы: жаңылмай 10 ақынның немесе 10 өзеннің атын атауы керек.

Тасымақ.

Бұл ойында 2 жерге ыдасқа су құйып қояды. Сол суды қарсы бетке құйылған бос кесеге қасықтап екі адам тасиды. Бұнда команда құрып ойнайды, әр командада үш адамнан болады. Ойынның шарты: су таситын адам суды төкпей-шашпай, тез тасуы керек, қай команда жеңіске жетсе, жүлдеге сол ие болады.

Тасымалдау

Екі-екіден қарама-қарсы 3-4 жерге 4 орындық қойылады. Сол орындықтың екеуінің үстіне бес-бестен қасық қойылады. Ойын бастаушы екі адамның ортаға шығарып ойынның шартын түсіндіреді. Шарт: 5 қасықты әр қайсысында тұрған бос орындыққа бір-бірлеп көшіруі керек. Ол үшін екі ойыншының көзін таңып қояды. Әр ойыншы өз қасығын өзіне тиісті орындыққа көшіру, егер қарсыласының орындығына қойса, онда шатасқаны. Шатаспай бұрын көшірген адамға сыйлық беріледі.

Қарамырза

Ойын басталмас бұрын, оның ережесі түсіндіріледі. Біраз уақыттан кейін ойын бастаушы ойынаушыларға «ойнаймыз» деп белгі берген кезде қатарлас отырған бірі екіншісіне: «Ассалаумағалейкум, Қарамырза!» -дейді. Ойын тәртібі бойынша сәлем салушы: «Уағалейкумассалам, бірінші қарамырза» -деп жуап беруі керек, егер «уағалейкум», -деп жауап берсе онда сәлем алушы ұтылады.

Сөйтіп, аздан соң ойыншылар «жеңгендер» мен «жеңілгендер» болып екі топқа бөлінеді, «жеңген» жақ «жеңілген» жаққа жаза белгілейді: ән, күй тартып, би билейді.

Айдапсал

Ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үйдің сыртына шығып, ал екінші топ үйдің ішінде қалады. Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады. Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды.

Ойынның шарты бойынша, сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен өз есімі берілген ойыншыны табуы керек. Таба алмаған ойыншылар айыптылар қатарына барып отырады. Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартады. Айыптартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады, би билейді, т.б. өнер көрсетеді.

Шертпек

Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды. Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді. Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады. Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруымен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады. Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді.

Белбеу соқ

Ойыншылар екі-екіден жұптасып, шеңбер жасап тұрады. Бір ойыншы белбеуді алып, екіншісін қууға тиіс. Қашқан шеңбер жасап тұрған бір жұптың алдына келіп тұрған кезде, артық қалған үшінші ойыншы шеңберді айнала қашады. Егер қуғыншы оны белбеумен соғып үлгеріп, өзі бір жұптың алдына келіп үлгерсе, оның орнын келесі ойыншы басады.

Бөрік жасырмақ

Ойынға қатысушылар араларынан бір ойыншы шығарып, алыстау жерге таман барып, бөрік немесе басқа бір-бір белгілі затын жасыруға жібереді және өзі де сол маңайына жасырынуы керек. Қалған ойыншылар тығылған ойыншылардың тыққан затын іздеуге кіріседі. Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып алуға қам жасаса онда иесі бермеуге тырысады. Бермеудің жағдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады. Ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорқып, бөрікке жібермеуге тырысады. Ал басқалардың қай-қайсысы болмасын бөріктің иесіне қол тигізіп, күш жұмсауына болмайды. Қайткенде де алдап жүріп алып, оны жүргізушіге ертіп келулері керек. Келесі жолы бөрікті әкелген ойыншы барады да, ойнаушының уақыттары жеткенше ойын жалғаса береді.

Асау көк.

Кешкі астан кейін мейманға ән салғызу, әңгіме-ертегі, жұмбақ немесе жаңылтпаш айтқызу мақсатында ұйымдастырылады. Әуелі үй иелері «ауылдың алты ауызын» айтады да, онан соң «қонақ кәдесі» деп мейманның өнер көрсетуін сұрайды. Түк білмейтін қонақты айып ретінде мінгізетін керме арқан «Асау көк» деп аталады. Кермеге мінген қонақ әрі-бері сүрінбей жүруі керек.

Орын тап.

Екі жұп арқасын түйістіріп қойған екі орындыққа айналып музыканың сүймелдеуімен билейді. Музыка кілт тоқтағанда, тұрған екі орындыққа отырып үлгеруі керек, орын алмай бос қалған екі адам айып төлейді, ән салу, би билеу, жұмбақ , жаңылтпаштар айту.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ойнайық та, ойлайық. Р. Кашенова. Поиграем, поговорим. Алматы, Ана тілі, 1996
2. Математикадан дидактикалық материалдар мен ойындар және қызықты тапсырмалар. Ә. Наурызбайқызы, Қ. Әубәкірқызы, С. Мұқамбетқызы. 2-сынып. Рауан, Алматы, 1994
3. Қуыр - қуыр, қуырмаш. Сейсенбек Ахметов. Өнер, Алматы, 1993